



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады


№23

(803)

26 маусым

2020 жыл

28 МАУСЫМ – БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КҮНІ



Мерейін,
үстем болсын,
әріптестер!



ӨЗ ОЙЫМ

Осыдан 107 жыл бұрын «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірінде Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Құрметті оқушылар» деген мақаласында газеттің (сол заманда елімізде телерадионың, интернеттің болмағанын ескергеніміз жөн) не үшін керектігі жөнінде 4 себепті атап айтады. Солардың екіншісі мен үшіншісін естеріңізге салғанды жөн көрдік:



ЖЕКЕМЕНШІК БАҚ-ҚА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

Екінші, «ГАЗЕТ – ЖҰРТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН НӘРСЕ, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтады. Үшінші, ГАЗЕТ – ХАЛЫҚҚА БІЛІМ ТАРАТУШЫ. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп,



бірте-бірте білімім олайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспекші». БАҚ басшылары қазіргі тілмен айтқанда, осы функционалдық міндеттерді толық түсініп, жүзеге асырып жатыр ма? Жоғарыда айтылғандай, БАҚ қоғамға, мемлекетімізге, тұтас халыққа қандай қызмет көрсетуде? Ал мемлекеттің оларға қамқорлығы қандай деңгейде? Осы уақыт ішінде қол жеткен табыстар да баршылық, шешімін таппаған мәселелер де жеткілікті.

Жуырда ақпарат және қоғамдық даму министрі осы саланың өркендеуі үшін нақты ұсыныстарды қарауға дайын екендігін жария етті. Сондықтан іс басындағы журналистер, жалпы БАҚ-қа қатысы бар мамандар мен сарапшылар өз зерттеуін ортаға салады деп ойлаймыз. Керегі әрі пайдалысы – олардың сындарлы талқысы, ашықтығы және тілеуестігі. Біздіңше, жиі сөз болатын, бірақ нақты шешімі созыланып келе жатқан мынадай ортақ түйткіл бар:

1) Кәсіби журналистерді даярлау ісі. (Кәсіби журналистерді әрқайсы, кәсіби емес журналистерден ажырата білу). Саланың обалын кәсіби журналистикадан көрмесін десек, арнайы жоғары оқу орындарының, БАҚ ұжымдарының, журналистер одағының, қауымдастықтарымен клубтарының кәсіби ынтымақтастығын күшейту қажет. Әлеуметтік желілердің дамуына да кәсіби журналистер көп үлес қосуда. Блогерлердің шеберлік мектебін ашып, лекция ұйымдастыру.

2) Салалық мамандану үрдісін жалғастыру. Зерттеулер мен аналитиканың өзегін құрайтын әлемдік тәжірибеге сүйену қажет. Сондай-ақ, озық танылған отыз елдің қатарына қосылу үшін халықаралық журналистиканың тынысын ашу. Дүниеге көршінің көзімен қарау, әлемді қонысың құлағымен тындау әдетінен арылу.

3) Мемлекеттік тапсырыс көлемін ұлғайту, оны орындау критерийін шұғыл өзгерту.

4) Елімізде қабылданған «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» басқа да заңдарды тиімді қолдану, Журналистік Әдеп кодексіне мойынұсыну.

(Жалғасын 3-беттен оқыңыз)

БІЛІМ

Кеше таңда белгісіз нөмірден қоңырау шалынды. Тұтқаны алсам, өңтіккен келіншек дауысы: «Алло, сіз журналистсіз бе? – дейді.

– Иә.

– Біз 15 шақты ата-ана ЖөнПИ-дің алдында тұрмыз. Балаларымызды тестке кіргізбей тастады. Келе аласыз ба?

– Не себепті кіргізбеді?

– Кіреберісте тексергенде қалталарынан телефон табылып, ішке кіргізбей қойды. Аудиторияда табылса, бір жөн ғой.

Алғашқы секундта не дерімді білмей қалдым. Сонда баласының ескертуді елемей, тыйым салынған затпен кірмек болғанын ақтамақ па? Әлде он бір жыл терген біліміне сенбегені ме?



ҰПАЙДЫ БЕЙНЕТСІЗ ТАБУ

Өткен жексенбі елде Ұлттық бірыңғай тестілеу шымылдығы түрілді. Бұл жолы қай өңірде болмасын, тексеру басқа жылдарға қарағанда қатан. Оған айылын жимай тұрған коронавирус та себеп. Алғашқы күні екі абитуриенттің дене қызуы жоғары

болғасын тест тапсыруға рұқсат берілмеді. Жазылғасын қайта келеді. Ал 160 оқушы сынақ басталмай жатып сүрінді. 73-і тыйым салынған зат алып өтуге тырысқан.

(Жалғасы 2-бетте)



144



СЫНАҚҚА
КЕЛМЕГЕНДЕР



812



ЕРЕЖЕНІ
БҰЗҒАН



87



ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН
ЗАТ ТӘРКІЛЕНДІ



1



«АЛТЫН БЕЛГІ»
ИЕГЕРІ
СЫНАҚТАН
ҚУЫЛДЫ



Дереккөзі: Интернет

24.06.2020

КЕЙ ЖУРНАЛИСКЕ



ЖАЗБАЙТЫН ҚАЛАМ
ӘДЕМІ КӨРІНГЕНІМЕН...



7 KÚN

168 SAGÁT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БИЛІК

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне сұхбат берді. Мемлекет басшысы көпшілікті толғандырған тіл түйткілі, бүкіл әлемді әбігерге салған індет, еңбек адамы мен сыртта отырып, митингіге шақыратын арандатушылардың пиғылы, мемлекетті көркейту туралы қадау-қадау мәселелерге тоқталды. Осы сұхбатта айтылған кесек ойлардың бір парасын оқырманға ұсынып отырмыз.

МЕМЛЕКЕТТІ ӨРКЕНДЕТУ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

КЕМЕДЕГІНІҢ ЖАНЫ БІР

Қазіргі статистика бойынша, вирус жұқтырғандар саны 20 мыңға жуықтады. Яғни олардың көпшілігі — қарапайым халық. Бұл жердегі мәселе кімнің қалай жұқтырып алғанында емес. Сол азаматтарымыздың ауруын асындырып алмай, тезірек жазылып шығуына жағдай жасау қажет. Ауруға шалдыққандарды шенеунік немесе қарапайым жұрт деп бөліп қарауға болмайды. Қазақ «Кемедегінің жаны бір» дейді. Біз бір елде тұрып, бір ауаны жұтып, бір қоғамда өмір сүріп жатқаннан кейін ешкім де бұл аурудан өзін толықтай қорғай алмайды. Бір планетаны мекен еткен соң өзге елдегі дерт бізге келмейді деп бейқам отыра алмаймыз. Пандемия шекараға қарамайды. Сактансак қана өзімізді, жақындарымызды аурудан аулақтата аламыз. Сондықтан ел азаматтарын карантин режимін қатаң сақтап, тазалыққа мұқият болуға шақырамын. Бұл — өтпелі қиындық, уақытша сынақ. Біз осы індеттен және экономикалық дағдарыстан кейін қалай дамимыз, не істеуіміз керек деген мәселеге баса мән бергеніміз жөн.

ТІЛДІ МЕҢГЕРГЕНГЕ – БАСЫМДЫҚ

Қазір — нағыз аз сөйлеп, көп іс тындыратын шақ. Олай болмаған жағдайда біз өзіндік халықаралық қоғамдастықтың алдында кемшін ұлт ретінде көрсетеміз. Ал енді не істеу керек? Қазақ тілінде сөйлеу мақтаныш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн. Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Парламентте немесе баспасөз мәслихаттарында мемлекеттік тілде сөйлеп, пікір алмаса алмайтын мемлекеттік қызметкер ұғымы, ең алдымен, қазақ азаматтарының арасында анахронизмге айналуға тиіс. Телевизиялық және радио хабарларының сапасын арттыру қажет. Бұл ақпарат өнімдері Ресей бағдарламаларының көшірмесіне емес, қайта қоғамдық ойдың қайнар көзіне айналуға тиіс. Арзан ойын-

күлкіден гөрі, ұлттық идеяға қызмет ететін топырағымыздан тамыр алған төл бағдарламаларды молайту қажет. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру жолында кинематографияның да алар орны ерекше. Бізге тарихи оқиғаларды дәріптейтін, қазіргі қоғамды да бейнелейтін сапалы дүниелер керек. Қырғыз кинегерлері «Құрманжан датқа» деген мәнді, мағыналы, көз қуантып, көңіл толатын фильм түсірді. Соған бар-жоғы 1,5 миллион доллар жұмсаған. Ал біздің кинематографистер бұдан әлдеқайда көп сұрайды. Ал түсірген дүниелерінің

АРАНДАТУШЫДАН АБАЙ БОЛАЙЫҚ!

Халықаралық құқық қорғау ұйымдарынан грант алатын кейбір азаматтарымыз қабылданған заңды негізсіз сынаиды. Олардың пікірінше, Қазақстанда «Митингке қашан шығамын? Кіммен шығамын және қай жерде өткіземін? Яғни өзім білем» деген жүгенсіздік қағидаты болуы керек екен. Әсіресе солардың митингіге шетел азаматтары мен көмелетке толмаған балалардың қатысуын талап етуін шектен



сапасы әрдайым көңілден шыға бермейді. Өкінішке қарай, бүгінде біздің кинегерлер де ауызбіршілік таныта алмай отыр. Бұл — шығармашылықты тұралататын жағдай.

ТОЙ ЕМЕС, ОЙ ҚУАЛАЙТЫН ЗАМАН

Еңбекке баулу идеологиясы атакты ақын-жазушыларымыздың шығармашылығында барынша көрініс тауып, алдыңғы қатарда насихатталуы керек деп санаймын. Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Тіпті осындай қауіпті пандемия кезінде кейбір азаматтарымыз маған хат жазып, той өткізуге мүмкіндік беру керек деп талап қояды. Мемлекеттің өзі өлмермендікпен өмір сүретін кезге келдік. Сондықтан еңбек ету — өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір — ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі! Өзбектер қоғамдық қатынастарды саясиландырмай, еңбек пен саудаға басымдық беріп, XX ғасырдың бас кезіндегі аз ғана халықтан қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналды. Сондықтан ұлы Абайдың өзбек халқына қатысты айтқан парасатты ой-пікірі қазіргі технология ғасырында да өзінің өзектілігін жоғалтпағанын байқаймыз. Өзбектер саясатқа құмар емес, олар еңбек еткенді құптайды. Бұл ел көшеде ұрандатып шеруге шығып жүрген жоқ. Қайта жасампаздыққа жетелейтін еңбекпен айналысып жатыр.

шыққандық деп санаймын. Олардың ойы белгілі. Ондай адамдарға тыныштық пен тұрақтылық қажет емес. Ал біз қарқынды дамыған, татулығы жарасқан Тәуелсіз Қазақстанды сақтауымыз керек. Халық ең алдымен ел іргесінің беріктігін терең жауапкершілікпен сезінуі керек. Соңғы кездері елімізде «митингшілдік» белең алуда. Көбінесе азаматтарымыз сырттағы біреулердің арандатушылық ұрандарына еріп жүр. Бұл — аймақтық бәсекелестік күшейіп келе жатқан халықаралық аренада Қазақстанды ынғайсыз жағдайға қалдырып отыр.

ҚАТЕЛЕСУГЕ ҚАҚЫМЫЗ ЖОҚ

Біз мемлекет ретінде де, ұлт ретінде де бір орында тоқтап қалмауымыз керек. Ондай жағдайда ел тоқырауға ұшырайды. Оның зардабы мемлекеттігімізге тиеді. Ауыр тиеді. Ашды да болса айтайын, біз — қазақтар, осынау алмағайып күрделі әлемде, түтіптеп келгенде, ешкімге соншалықты қажет еместіз. Өз мемлекетімізге ғана қажетпіз. Осы бір қарапайым қағиданы ешқашан естен шығармауымыз қажет. Әлемдегі Қазақстанның жетістігін көре алмайтын, «мысықтілеу» саясаткерлер, тіпті мемлекеттер де бізден алыстап кеткен жоқ, манайымыздан ұзамай, әр қадамымызды бағып отыр. Сондықтан елімізді өркендету, көркейту — тек қана өз қолымызда. Біздің осындай сындарлы сәтте қателесуге еш қақымыз да, құқымыз да жоқ. Және мемлекет құрушы ұлт ретінде бұл мәселені бірінші кезекте өзіміз терең сезінуіміз қажет. Өйткені қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр...

Әлеумет.t⁰



ҰПАЙДЫ БЕЙНЕТСІЗ ТАБУ

(Басы 1-бетте)

87 шәкірт тест барысында ережені бұзған. Тесттің екінші күні де мұндай заңбұзушылықтар тіркеліп жатты. Жылда осы жағдай қайталанады. Быыл талапты одан әрі күшейтсе де нәтижесі әзір көңіл көншітпейді. Әр аудитория камерамен жабдықталған. Абитуриенттер металл тіңтікші құрылғы тексерер алдында тыйым салынған зат жоқ екені жөнінде, ережені сақтау турасында қолхат жазады. Ал одан кейін ережені елемегені әшкере болса, өз обалы өзіне. Комиссия тест біткеннен кейін де видеоларды май шаммен қарап, ережені бұзғандарды қосымша анықтаса, тамыздың 25-не дейін тест қорытындысын жоққа шығаруға құқығы бар. Осындай қатал ережеден хабарлар болғанмен, оны құлаққа да ілмейтіндер баршылық.

Бұл — біз көріп отырған салдар. Ал оқушылардың осындай әрекетке баруына не себеп? Ойланып көрдіңіз бе? Бәріне топырақ шашпаймыз. Күндіз-түні көз майын тауысып, оқулықтан бас алмай, қатарластарының қыдырысынан тыйылып, бейнетінің зейнетін көріп, өз еңбегімен өтіп жатқан оқушылар көп. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деп бекер айтылмаған. Арасында еш қиналмай ебін тауып жымсықы әрекетін жүзеге асырам деп маскара болғандардың кесірінен жаман ат та оларға жамылады. Ондай оқушыларды осындай ойға итермелейтін өздерінен бұрын ата-аналары. «Бір реті болар» деп жұбатып, таныс-тамыр салып, одан қалды, телефонын да тықпалайтын «жанашыр» — солар. Бірақ дәл осы кезде жанашырлықтың қажеті шамалы. Балаң шақта мұндайды үлкендерден көрген жеткіншек болашақта кім болмақ? Ертең жұмысында «ауырдың астымен, женілдің үстімен жүруге» дөніккен қызметкерлердің сапын толықтырмасына кім кепіл? Салдары — сапалы ұлттың сапын толықтыратындардың саны азаяды.

Мектеп табалдырығын аттағаннан білім алудың басты инвестиция екенін, «Өзің сен, өзінді алып шығар. Еңбегін мен ақылың екі жақтап» деген тәмсілді баласының құлағына ата-ана құя алғанда ғана қазіргідей жайттар жиілемейтініне сенімдімін. Қазір білімде алдына жан салмайтын, озық технологиялардың отанына айналған Корея мен Жапония осы айтқаным жарқын мысал.

Сөз басында айтқанымды қайта жалғастырсам, әлгі 15 ата-ана қанша жерден шырылдағанмен, балалары ақыры тест тапсыруға кірмеді. Тәртіп бәріне ортақ һәм қатан. Бәлкім, «басқалары да осылай өтіп жүр, біз де өтерміз» деген жалаң ойдың жетегінде тәуекел еткен болар. Бұл оларға, айналасындағы естір дос-жарандарына сабақ болар деп сенейік. Ол оқушылардың көңіл-күйі түскенмен, сағы сынбас. Себебі, келесі жылы қайта тапсыра алады. Сонда өз білімі мен білігін қару етер деп сенейік.



Аскарбек ҚАЗАНБАЕВ

Үкім

АТАМБАЕВ 11 ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ


Қырғызстанның аты шулы бұрынғы президенті Алмасбек Атамбаев 11 жылға бас бостандығынан айырылды. Ол бұған дейін қылмыстық топтың жетекшісі Әзиз Батукаевты босатып жіберді деп айыпталған болатын.



Сотта прокурорлар оған 15 жыл бас бостандығынан айыру және дүние-мүлкін тәркілеу жазасын сұрады. Бішкек қалалық Первوماй аудандық сотының судьясы Емілбек Қайыпов Атамбаевты 11 жыл 2 ай бас бостандығынан айырып, дүние-мүлкін тәркілеу жазасын тағайындады.

Сандар

COVID 19



ЖҰҚТЫРҒАҢДАР
19 285

АЙЫҚҚАҢДАР
12 048

КӨЗ
ЖҰМҒАҢДАР
136

СИМТОМПСЫЗ
12 677

25.06.2020

Оралбек ӨТЕҒҰЛОВ, ФИЛОЛОГ:

Қазақ тойында орынсыз бәсеке бар. «Мен пәленшеден асырып той жасауым керек» деген ой көптің көкейінде бірінші орында тұрады. Сол ойын іске асырмақ болып, несиесі алады. Мұндайда «көрпеңе қарай кесіл» деген нақыл сөзді ескеретіндер аз. Ақырында той қас-қағымда дүркіреп өте шығады. Әбәтте, шығынын ақтамайды. Одан бөлек, жас отбасында айқай-шу, ұрыс-керіске себеп болады. Өйткені той бір күндік, ал шығынды өтеу үшін бірнеше жыл қажет. Шынын айту керек, бұл көз көлген қазақ отбасындағы классикалық сценарий. Кредитке той жасап, апта не ай өтпестен ажырасып жатқандар қаншама? Той жарыстың ақыры, міне, осы. Сол себепті қазір карантин режимін пайдаланып, тойды реттейтін арнайы заң қабылдап алуымыз керек. Әйтпесе, бұл түбі деградацияға алып келеді.



Рамазан Стамғазиев, өнші:

Дәл қазір, коронавирус ершіп тұрған, ел қорқып жүрген кезде ауруды таратпау үшін уақытша тыйым салу орынды. Бұл тек елдегі эпидемиологиялық жағдайда. Бұл ұсыныстың екінші ұшы да бар. Қазақ кішкентай ғана қуанышын бүкіл өлмен бөліскенді құп көреді. 500-1000 адам шақырмаса да, 20-30 адаммен тойлай береді. Үйіне он адам, жиырма адам шақырса да, отбасының қуанышын атап өткенді дұрыс. Тойға тыйым салмау керек. Мен қазір педагогпін, жұмысым бар. Негізгі табысым — сол. Ал енді той-томалақпен жанын бағып, күнделікті тіршілігін істеп жүрген өншілер үшін, өрине, бұл қиын. Олардың одан басқа табысы жоқ қой.

АНТИ
ЕЗА

Өз ойым

(Басы 1-бетте)

Сөз күлiретi. Қарымды қаламымен, терген бiлiмiмен өзi таныған әлемге қарыштаған, ерекше қолтанбасы бар қаламгер, тынбай iзденетiн зерттеушi журналист, Шерхан Мұртаза мектебiнiң озаты — Қайнар Олжайдың журналистiк сөз қолдану тәсiлiне, тақырып бойынша тапқырлығына, сөз өнерiн үйренудегi шеберлiгiне, сөйлеу мәнерiндегi даралығына байланысты жол көрсетiп, жөн сiлтеп жазғандары БАҚ саласындағыларға әрiптестiк көмек, жанашырлық екендiгiн атап көрсеткен өте орынды. Халқымызда «Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген нақыл бар. Басты жару үшiн қандай күш керек болса, сол күш — бүгiн журналистер мен қаламгерлердiң қолында. Қазiргi бастар, яғни ХХI ғасыр адамдары — жан-жақты бiлiммен, жаңа технологиямен



ЖЕКЕМЕНШІК БАҚ-ҚА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

қаруланған, ақпарат көзiн де жақсы менгерген, басқа елдердiң де БАҚ-рын пайдаланатын бастар. Сондықтан қай кезде де журналистердiң жоғары кәсiбi деңгейi, жауапгершiлiгi ең басты өлшем болып қала бермек. «Басты жару» деген ұғымды таратып айтсақ, адамның санасын өзгерту, оның азаматтық ұстанымына әсер ету, өмiр сүру салтын таңдауына ықпал жасау деген сөз. Жасыратыны жоқ, қазiргi таңда әлеуметтiк желiде, ақпараттарда пайдалы, ақиқат ақпараттармен қатар фейк, жалған мәлiмет, өтiрiк-өсек, қауесет қаптап жүредi. Бiр оқиғаның өзiн 50 түрлi етiп айтуға болады, сонша рет суреттелуi, хабарлануы да ықтимал. Соның қайсысына құлақ асу керек? Әлде 51-шi нұсқаны оқырманның, көрерменнiң өзi таңдауы керек пе? Бiздiңше, әр адамның санасында «ақпараттық

Ал жекеменшiк БАҚ-ға тек ақпарат құралдары деп қарауға болмайды. Олар халықты әлеуметтiк қолдаудың да бiр түрi және қосымша жұмыс орындарын ашатындықтан, мемлекет тарапынан кесiпкерлiкке көрсетiлетiн қамқорлықтан тыс қалмауы тиiс деп санаймыз.

қалқан» болмаса да, «ақпараттық сүзгi» болуы тиiс. Бөлкiм, бұл пән ретiнде мектеп қабырғасынан бастап қаланаар, оған уақыт — төрешi. Мәселен, коронавирусы байланысты осындай жағдай орын алды емес пе? Бұл, бiрiншiден, тиiстi ғалымдардың, бiлiктi мамандардың, дәрiгерлердiң жетiспеушiлiгiнен болса, екiншiден, елiмiзде салалық журналистиканың кенжелеп қалғандығынын көрiнiсi, сонан соң, жекелеген азаматтардың интернеттегi жауапсыздығы мен арандатушылық пиғылы. Ондай мысалдарды көптеп келтiруге болады.

БАҚ-қа қатысты қоғамда көп айтылатын әңгiме таралым, яғни баспасөзге жазылу мәселесi. Бiз күштеп танып, жаздыруға қарсымыз! Таралым мәселесiнiң түрлi жолы бар. Соның iшiнде әлемдiк тәжiрибеге сүйенсек, бөлшек сауда жүйесiн (*сауда орындары мен дүңгiрiшiктердi*) заманға сай дамытқан жөн. Осы iспен айналысқан кәсiпкерлерге Қазақстан аумағының көлемiн ескерiп, женiлдiк жасау жағын қарастырса да артық болмас едi.

Ал жазылуға келетiн болсақ, ұстаздар (*мектеп, колледж, жоғары оқу орны*) оқушы, шәкiрттерiнiң бейiмiне, кәсiбiне, қызығушылығына қарай белгiлi бiр басылымдарды ұсынуға моральдық құқы бар деп ойлаймыз. Бұдан ат-тонын ала қашатын жекелеген ұстаздар өз бiлiмiн, шәкiрттерiнiң бiлiмiн жетiлдiруге құлықсыз екендiгiн өздерi өшкерелейдi. Ал елiмiздегi партиялардың мүшелерi мен жанашырлары өз партиясының Жарғысына, iшкi тәртiбiне сәйкес жазылуды мiндеттеп жатса, ешкiм қарсы бола қоймас. Жалпы, халқымыздың ниетi смартфонға, гаджеттерге ауса, сұраныс артса, сол құралдарға шақтап, жоғары сападағы өнiм таратуға да кәсiбi мамандар шындап кiрiсудi қажет. Цифрдағы отандық мәтiндiк, визуалдық материалдардың желiдегi үлесiнiң көпшiлiгi қазiргi жастардың көңiлiнен шыға бермейтiнi де рас. Олардың қызығушылығын қанағаттандыру үшiн кәсiбi, шығармашылық қызметке жол ашқан абзал, яғни бұл салада да мамандану өзектi болып отыр. Сонымен бiрге, тиiстi министрлiкке «АРХИВ — 2025» бағдарламасын жасау тапсырылғаны белгiлi. Соның iшiнде, БАҚ архивi ерекше орын алуға тиiс. Өйткенi цифрлық ресурстар заманында жыл

өткен сайын мұндай архивтiң маңызы арта беретiн болады.

Жақында ғана салалық министрдi қабылдаған Мемлекет басшысы керi байланысты күшейтудi, мемлекеттiк ақпараттық тапсырыс талабын жетiлдiрудi тапсырды. Бұл, әрине, өте қажеттi шара және уақыт талабы. Сонымен бiрге, журналистердiң, басқа да шығармашыл адамдардың қаламақы мәселесi бойынша да нормативтiк құжат керек-ақ.

Сондай-ақ, мемлекеттiк ақпараттық саясатты жүргiзуге арналған бюджет қаржысын әкiмдердiң имиджiн жасауға жұмсауға тыйым салу қажет. Журналистерге ауызбастырық беру, алу дәстүрiнен арылмаса, бұл да жемқорлыққа жатады. Мемлекет тапсырысымен жазылған мақалада екi ауыз сын болса, есепке алмай, қабылдамай, редакторларды әуре-сарсаңға салу — әдепке қайшы қылық. Жалпы, жергiлiктi бiлiк басшыларын немесе құқық қорғау органдарының,

сот судьяларын сынау қудалауға ұласпағаны екi тарап үшiн де пайдалы.

Қысқасы, ақпараттық саясатты жүргiзуге қаржыны қайта жоспарлау, ол қаржыны беруде халықаралық тәжiрибеге сүйену, яғни меншiк түрiне қарамастан әдiлеттi бөлу қажет деп ойлаймыз.

Ал «мемлекеттiк емес БАҚ» деген ұғым ерсi, ол басқа планетада пайда болған жоқ. Сондықтан «жеке меншiктегi БАҚ» деп айтқан орынды болар. Сынағаны үшiн журналистердi қудалау баптарының Қылмыстық Кодекстен алынғанын құптаймыз. Алайда бұл оларды жауапкершiлiктен босатпайтынын ұмытпаған жөн. Оқырманның сенiмiнен, қоғамның құрметiнен айырылу кез келген журналистке сот шешiмiнен де ауыр жаза болуға тиiс.

Мемлекеттiк БАҚ творчество жағынан бәсекелестiкке, нарыққа бейiмделуi керек. «Құрылтайшысы мемлекеттiк орган болса, баспасөз басылымы сын материалды жазуына болмайды» деген қате түсiнiк орын алғалы көп уақыт болды. Мұны да қайта зерделеген жөн.

Ал жекеменшiк БАҚ-ға тек ақпарат құралдары деп қарауға болмайды, олар халықты әлеуметтiк қолдаудың да бiр түрi және қосымша жұмыс орындарын ашатындықтан, мемлекет тарапынан кәсiпкерлiкке көрсетiлетiн қамқорлықтан тыс қалмауы тиiс деп санаймыз. Тiптi арнайы бағдарлама жасалса, артық емес. Оларға да жекелеген мәселелерде талаптың күшейтiлгенiн қалар едi. Атап айтқанда, олардың құрылтайшылары басшылық құрамын журналист мамандығын алған кадрлан iрiктеуiн заңмен бекiту керек. Адамды емдеу үшiн дәрiгер, баланы оқыту үшiн мұғалiм, құқықты қорғау үшiн заңгер талап етiледi. Қазiр тек табысты, ақшаны күйттеп, мемлекет мүддесiн ескермейтiн саяси жағынан сауатсыз, бiлiксiз кадр газет құрылтайшысы, бас редактор деген лауазымды иеленiп алғаны жасырын емес. Мұндай жағдай нағыз кәсiбi журналистердiң атына дақ түсiредi, қоғамда әр алуан пiкiр туғызып жатады.

Рейтинг қуу, оны жалаулату жарнама үшiн жақсы болғанымен, сол арқылы көрерменнiң, оқырманның құқығы шектелетiнiң, тiптi бұзылатынын да ашық айтқан абзал. Оны ескеретiн ортақ ереже, механизм болу керек немесе қосымша өлшем енгiзудi ойластыруға болар едi.

Жалпы БАҚ нарығы дегенiмiз, профессионалдардың профессионал еместермен тартысы, интеллектуалдық майданы. Әрбiр кәсiп иесiнiң әлеуметтегi сый-құрметi, беделi, қоғамдағы мәртебесi олардың өздерiнiң бiлiмi мен парасатына, әдебi мен заңды орындау мәдениетiне байланысты болмақ. Сондықтан елiмiздегi



бұқаралық ақпарат құралдары — халық үнiне құлақ асатын мемлекетiмiзде Ахмет Байтұрсынұлының анықтамасындай, көз, құлақ һәм тiл ретiнде ғана емес, қоғамдық сананы өзгертiп, қалыптастыратын ықпалды құрал ретiндегi қызметiн де жалғастыра бередi деп сенемiз.

Дархан МЫНБАЙ,
Мәжiсiлiк депутаты

QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

Лебіз

Құрметтi қаламы қарымды журналистер қауымы! Кәсiбi мерекелерiңiз құтты болсын! Өз басым мерекеге көп мән бермейтiн адаммын. Алайда бүгiнгi мерекенiң жөнi де, жолы да бөлек. Өйткенi журналист болу — бұл жауапкершiлiк. Әсiресе, дәл бүгiнгiдей заманда. Кезiңде Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қараңғы қазақ көгiне, өрмелеп шығып күн болам» деп ұран-ән жазған. Сол осы қаламгерлерге айтылған сияқты. Қаламгер деп журналистердi меңзеп отырғанымды түсiнген боларсыздар? Қашанда елде, әлемде, қоғамдағы бар жаңалық алдымен қаламгердiң қолынан шығатыны ақиқат. Тарихта жақсы журналистiң бiр мақаласы қоғамды, өмiрдi, тiптi адам тағдырын өзгертiп жататынын бiлемiз.

Жақсылықтың жаушысы бүгiн де баршылық. Дейтұрғанмен, мен қарапайым адам ретiнде қаламгер бауырларыма айтарым, жақсы журналист ең алдымен ұлтын сүю керек. Кезiнде Роза Бағланова апамыз атақты батыр Бауыржан Момышұлына «Бауке, жақсы әншi болу үшiн ең бiрiншi сұлулық керек пе, әлде

да бiлемiн. Бопсалау дейдi онлайды. Құдай сондайлардан сақтасын! Қазақ әдебиетi қандай үлкен теңiздей шалқар, бай болса, қаламгерлерiмiзде сондай баршылық. «Өзiне сен өзiндi алып шығар, енбегiң мен ақылын екi жақтап» деп данышпан Абай айтпақшы, қазiргi кезде халыққа қамқор болу керек. Әрине, дәл қазiр қаламгер қауым — журналистердiң статусы жоқ. Не мемлекеттiк қызметкер емес, не қолында бiлiгi жоқ қауым. Бар байлығы мен бiлiгi — қолындағы қаламы. Барлығы өзгередi, ал сөз мәңгiлiк. Сiздер, Ұлы Сөздiң Сардары, Ұлы Сөздiң Сарбаздарысыздар!

СІЗДЕР – СӨЗ САРБАЗДАРЫ!

дауыс керек пе?» деп сұраған. Сонда батыр ағасы ойланбастан «Ең алдымен жүрек керек» деген екен. Сол Баукеңнiң сөзi бiздiң журналистердiң темiрқазығы, яғни кредосы болу керек деп ойлаймын. Сондықтан қазақта «Жүректен шыққан сөз жүрекке жетедi, ерiннен шыққан сөз ерiнге жетедi» дейдi. Сосын, қаламгер достарға айтарым, неғұрлым автор таза болса, соғұрлым оның оқушысы көп болады. Оқырман қашанда сыншы. Жалған сөздi ұнатпайды, жалпақ сөздi де жек көредi. Журналистiң жазғаны таңғы шықтай мөлдiр болса деймiн. Мен осы елде қара басы үшiн бiреулердi қорқытып-үркiтiп ақша алған алаяқтарды

Мерекелерiңiз құтты болсын! Халыққа, қоғамға жақсылықты жеткiзе берiңiздер! Қаламдарыңыз қашанда ақылмен жүректiң ыстық махаббатынан сусындай берсiң!

Талғат ТЕМЕНОВ,
Қазақстанның Халық әртісі



Өңірлік БАҚ

Елiмiз Тәуелсiздiк алғанына отыз жылға таяу мезгiл болды. Дербес мемлекетке тән институттар орнап, өз мiндеттерiн лайықты атқаруда. Солардың қатарында бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны ерекше.

Жалпы әр мемлекеттiң журналистикасына қарап демократиясының деңгейiне баға бередi. Өкiнiшке қарай, бiзде осы саланың жағдайы мәндi емес. Мәселен, аймақтық басылымдар жергiлiктi әкiмдiк түр десе тұрады, отыр десе отырады. Ашығын айтқанда, «жаз» дегенiн жазады, «жазба» дегенiн жазбайды. Газеттiң бiрiншi бетiнен соңғы бетiне дейiн жергiлiктi бiлiктiң iс қимылын мақтап, мадақтау. Сын материал

«Бұл тығырықтан қалай шығуға болады?» — деген сауалға жауап — мемлекеттiк бұқаралық ақпаратқа мемлекет көзқарасын түбегейлi өзгертуi тиiс.

Бiрiншiден, ешбiр БАҚ жергiлiктi бiлiктiң қаржысына бағынышты болмауы керек.

Екiншiден, қаржыландыру мәселесiн түбегейлi өзгерту қажет. Жылдық қаржыны облыстық мәслихат шешiмiмен депутаттар бекiтiп, ешбiр әкiм оған араласпағаны абзал. Бекiткен қаржы басылымның жылдық сұранысының 50-ақ пайызын құрасын, қалғанын журналистер ұжымы оқырманын көбейте отырып, бәсекеге төтеп берiп өздерi табуы керек. Мүмкiн осыдан кейiн халық жаңалықты терiс пиғылды әлеуметтiк желiден емес, жергiлiктi бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып, бiлiп отырар және мұң-мұқтажын айтып жүгiнуi де мүмкiн.

БӘСЕКЕГЕ ТӨТЕП БЕРУ

жөктын қасы, болған жағдайда мәселенi терең қазбай, жай ғана үстiнен сылап-сипау.

Аймақта шешiмiн таппай отырған мәселелерге талдау жасап, оның шешу жолын iздестiретiн аналитикалық материал, журналистiк зерттеу мүлде жоқ. Оқырмандарын қызықтырмайтын басылымдардың көбейiп кету себебi осында деп санаймын.

Халық елде болып жатқан жаңалық, оқиғалардан хабардар болу үшiн алдымен әлеуметтiк желiге жүгiнедi. Олардың iшiнде алал ниеттi дұрысы да бар, жаман пиғылды бұрысы да бар. Халық әлеуметтiк желiге үңiлiп, жазғандарына илану себебi жергiлiктi газеттерде мақтау-мадақтаудан басқа iлiп алары жоқ күнделiктi тiршiлiктен туындаған сұрақтарына жауап берiлмейдi. Құдды бiр басқа әлемде жүргендей күй кешедi.

ЖУРНАЛИСТ АЛҒЫ ШЕПТЕ





Журналистік зерттеу

Тарихқа «Тың игеру» деген атпен кірген кеңестік алашапқын науқанға қатысты әлі де айтылмай жүрген ақиқат көп. Қазақ даласына тың игеруге келген еңбекқор, дос пейіл жандармен қатар тұрғылықты халыққа тізе батырғысы келетін кеудемсоқ бұзақылардың болғаны да жасырын емес. Көкше өңіріндегі тілшіміздің мақаласында сондай тентектерді тәубеге келтірген намысты азаматтар туралы баяндалады.



СОТҚАРДЫҢ САЗАИЫН БЕРГЕН БАЛУАН

Арка даласын ту–талакай еткен тың игеру науқанының зардабын көзі көрген куәгерлер әлі күнге дейін жыр қылып айтады. Біздің Айыртау өңірінде келімсектердің қорлығы күні бүгінге дейін сайрап жатыр. Алыстан мұнартып Жаман Жалғызтау көрінеді. Етегін жалап Қамысақты өзені ағып жатыр. Шөліккеген даланың шөлін бассын деп жаратқан ие әдейі дәл осы жерден бұйыртқан тәрізді. Басы қияндағы Жақсы Жалғызтаудың бауырынан басталады деседі. Бұрала ағып, күлдилай құлап Есілге қуятын көп саланың бірі. Келімсектердің қорлығын ең алдымен осы өзен көрген. Ол былай: тың игерудің алғашқы жылдары талайлар жөңкіле көшті емес пе. Бір өкініштісі, олардың қонысы Көкше өңіріндегі небір сулы, нулы, жеміс-жидегі мол өңірге түсті. Жалғызтаудың етегінде Лавровка, Антоновка, Карасевка тәрізді қоныс пайда болды. Ең әуелі суы бал, жағасы жұмақ, балығы тайдай тұлаған Қамысақты өзенінің бойындағы құйкалы, кара топырағына жетек шаншымсаң, арба өсіп шығатын құнарлы жерге қазық қаса керек. Былайғы жұрт, ел иесі, жер иесі кейін ысырылып, қағажу қалған.

Әлпі тын игеруге келгендер қолды бірден тұмса табиғаттың тұңғығына салған ғой. Айыртаудың даласын қақ жарып еркедей елітіп, қыз бұрымындай болып мың бұралып ағатын өзенді әлденеше жерінен тоған салып тоқтатып тастаған. Кейін көктемде ғана тіршіліктің нышаны байқалып, қар суымен толыққан соң тулап ақпаса да, арнасы толып, ажары кіріп қалатын Қамысақты өзені сол жылдардан бері солықтай солып, суы тартылып, өзекшеге айналған.

Қамысақты өзенінің бойын Қарауыл жайлаған. Соғыстың ұлматы ел жадынан біржолა шықпаса да, енді–енді ес жиып келе жатқан шақ. Құлагердің шабысын көрген, Акан серінің ән әуені аспанында жаңғырып қалған Айыртау жерінде елуінші жылдардың бел ортасында ақпалдық болса да ел еңсесін көтеретін жиын–той өтіп тұрады екен. Қылқұйрықтының әбден азайған тұсы. Иен даланың көркі — жылқы жарықтықтың жана ғана көбейіп келе жатқан шағы болса керек. Тереңөзек ауылында тұқымы бөлек,

жаратылысы ерек Қанжирен деген ат болыпты. Ел ішіндегі шағын бәйгелерде алдына жылқы салмайды екен. Ат иесі белгілі балуан — Тоқтауыл.

Тоқтауыл балуанға байланысты ел аузында сақталып қалған аңыз да көп. Тың игерушілер алғашқы өнімін жинаған қоныр күз екен. Қамысақты өзенінің жағасындағы қырман тау–теңіз қызыл бидайға толыпты. Бірден тасып әкетуге күш кем, Көкшетауға кірелеп түйемен тасиды екен. Қазір ғой

балуанның үйіне жүгірген. Келе салып, көкірегінде бар запыранды, ашу–ызаны ақтарып салған ғой. Бүйтіп еркек болғанына болайын, мыналарға басындырып қоясыңдар ма?! Осы жалғыз ауыз сөздің астарында бір жыл бойы көрген қорлық, ашу–ыза жатса керек. Олардың кердең басқан қылығын балуан да көріп жүрген. Дәл осы сәтте қолтығынан әлгі әйелдің мұң-зары көтергендей құрақ көрпенің үстінен атып тұрыпты. Абырой болғанда, Қанжирен қантарулы тұр екен. Ерттеп минуте уақыт жоқ, жайдақ шапқан. Қолында босағада ілулі тұратын ақ сойылы. Жер танабын қуырған жарая атқа сөз болып па, көзді

ашып–жұмғанша мейманасы асып, момын қазақты басынып тұрғандарға жеткен. Сөйтсе, бір өңкей сұсты түрлерінен жай адамның иманы қасым болатын бұзақылар дейді. Атты балуанды көріп, қарқ–қарқ күледі. Ашу үстіндегі балуан қасқыр соғатын әдетімен ат екпінімен ұшыртып келіп, қак сойылмен алғашқы дәудің шүйдесінен тартып кеп жібергенде, кісі менсінбей тұрған неме кескен теректей опырылып түскен. Дәл осы сәтте епсектілеу біреуі шылбырға жармасыпты. Ат үстіндегі балуан әлгінің кеудесінен шірене теуіп келіп жібергенде, алапат күштің бет қаратпас лебімен шалқасынан түссе керек. Балуанның екпінін көрген бұзақылар бет–бетімен қашқан. Жылқы жарықтық та сезімтал мал емес пе, көкпарға түсіп көрмесе де бәйгенін алдын бермеген һас жүйрік жаяу жауды қарға адым жер ұзатпаған. Өне бойын ашу кернетген балуан он жетісін ұрып жығыпты. Сау қалған бірі жоқ. Кейін тергеу–тексеру басталған. Тың игеруге келгендердің қорлығынан елді қорғаған, бір өзі 17 адамды ұрып жыққан балуан кінәлі болып шығыпты. Аудандық сот бірнеше жыл кесіпті.

Иесі сотталып кеткен соң қолтығы сөгіліп бір шаппаған Қанжирен ат жетім қалыпты. Арада жарты жыл өткен соң Қамысақтының бір аңғарынан өлімтігін тапса керек. Ауыл адамдары әрі төңкеріп, бері төңкеріп қараса, ажалы кісі қолынан болғанға ұқсайды. Шекесі жарылған, жамбасы сынған, өзге денесінде де сау–тамтық жоқ. Ел іші ажалдың келімсектерден келгенін сезген. Бірақ дәлел жоқ, әрі неге екенін кім білсін, сол кездегі тексеру органдарының бүйірі аналарға бұрып тұратын болыпты.

Балуан араға 10 жыл салып оралған. Түрмеде көкірек ауруына шалдығыпты. Көп ұзамай қайтпас сапарға аттанады. Арада қанша жыл өтті. Жер танабын қуарған жүйрік те, ауыл–елін басыну мен қорлаудан қорғаған балуан да ұмыт болды.

Есей қария «Бір өкініштісі, артында ұрпағы да қалмады. Мүмкін, өз жерін, өз елін қорлықтан қорғаған осындай батырлардың ерлік ісі ұмыт қалмауы үшін қалқайтып бір ескерткіш қойса да болар еді. Кімге қоймай жатырмыз?!» — дейді. Әй, қайдам?..

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Ойтолғам

Домыған мемлекеттер тіл саясатына құйылған қаржылық шығындарды ұзақ мерзімді стратегия деп қана емес, мемлекеттік даму үдерісіндегі аса маңызды инвестиция санайды. Ал бұл саясатты жүргізудің ең маңызды құралы – мерзімді баспасөз. Сондықтан да Англияда көптеген жылдар бойы мерзімді басылымдарға жазылу үшін төленетін пошта алымдары өте төмен деңгейде сақталып, ағылшын газеттері қосымша құн салығынан босатылған. Голландияда әр студент мемлекет есебінен бір журналға 5 жыл бойы тегін жазылуға құқылы. Францияда жастарды газет-журнал оқуға ынталандыру үшін олардың мерзімді баспасөзге тегін жазылуын қамтамасыз ететін мемлекеттік бағдарлама осыдан 10 жыл бұрын қабылданған.

ҚАЗАҚ БАСЫЛЫМДАРЫ ҚАЙТСЕ КӨГЕРЕДІ?

Жалпы мемлекеттік тіл саясатын мерзімді баспасөз арқылы жүргізудің жарқын мысалы — Франция. Бұл саясат француз тілінің ел ішіндегі және әлемдік деңгейдегі үстемдігін сақтауға бағытталған. Мысалы, мерзімді баспасөзге жыл сайын бөлінетін мемлекеттік қолдау жан басына шаққанда 61,5 еуродан келеді екен. Бұл салаға қомақты қаражат бөлуде Франция Еуропалық одақ елдерінің ішінде көш бастап тұр: француз тіліндегі деректерге қарағанда мемлекеттік бюджеттен мерзімді баспасөзге бөлінетін қаржы жылына 1,4 миллиард еуродан асады. Бұл телевизия, радио құралдарына берілетін қаражаттан бөлек екенін айту керек. Оның ішінде француз тіліндегі мерзімді баспасөзге жазылуды қолдау үшін ел президенті мен үкіметі сайлау алды шараларындағы үгіт–насихат науқанын мерзімді баспасөз арқылы жүргізеді.

Мерзімді баспасөзге қолдау білдіретін елдер қатарында Швеция да үлгі бола алады. Бұл елде таралымы шағын, жарнамадан түсімі аз газет–журналдарға арналған тікелей мемлекеттік инвестициялар бар. Мұндай газеттерді жабылып қалудан сақтау үшін олардың жалпы шығынының 20 пайызына



дейін мемлекет есебінен жабу механизмі жасалған. Оның үстіне, жанадан ашылған газет–журналдарға арналған мемлекеттік дотация, жеңілдетілген несие сияқты көмек түрлері бар және барлық мерзімді басылымдар қосымша құн салығынан босатылған. Бүгінде тұрғын халқы өзін «ен бақытты халық» санайтын мемлекет оқырман саны бойынша басқа елдерден озық тұр. 2014 жылы әрбір 1000 шведке 200 газеттен келетін (2000 жылдары бұл көрсеткіш 400 болған), бұл — швед тіліндегі мерзімді баспасөзге үздіксіз мемлекеттік қамқорлық жасаудың нәтижесі. Бұл елдің дамуында швед ұлтының оқырман ретінде қалыптасуы аса маңызды рөл атқарғаны анық.

Ғылыми зерттеулердің нәтижесі полиграфиялық өнімдер — кітап–қағаз, газет–журнал оқудың адам миын жетілдіріп, қиялын ұштауға, сөз саптау мен ақыл–ойды дамытуға аса зор ықпал ететінін көрсетіп отыр. Мысалы, Германиядағы барлық газет–журналдардың жалпы таралымы 18,3 миллионнан асады. Басқаша айтқанда, Германия халқының үштен бірі күнделікті газет–журналдарды үзбей оқиды екен. Ендеше, дамыған мемлекеттер интеллектуалды тәрбие құралы ретінде жас ұрпақтың қағаз газет–журналдардан көз жазып қалмауын қадағалайды. Сондықтан Еуропадағы көптеген елдерде жастардың газет–журналдарға тегін жазылуын мемлекет есебінен қаржыландырады.

Сондықтан Қазақстан дамыған елдердің қатарына қосылу үшін көшбасшы елдердің тәжірибесінен өнеге алуы тиіс. Мерзімді басылымға мемлекеттік қолдау жасау арқылы рухани, саяси, ұлттық салада қордаланып қалған мәселелердің оң шешімін табуға болады.


Өткен тарихымыздан белгілі, КСРО халқы «оқырман халық» саналатын. Жазып–сызуды енді үйренген баладан бастап зейнеткерге дейін, қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтарына олардың жасы, жынысы, кәсібі, хоббиі, білім–ғылымға деген ынтасы сияқты түрлі ерекшеліктеріне орай шығарылатын

орасан үлкен мерзімді баспасөз нарығы болды. Кітап оқу машығы мектепте де, отбасы тәрбиесінде де жіті қадағалауда еді. Мұндай мемлекеттік саясаттың себебі анық — сол заманның адамын рухани, интеллектуалды деңгейде тәрбиелеу, мемлекеттік идеологияны қолдайтын сарқылмас ресурс қалыптастыру. Ал оның салдары — адамгершілік, үлкенге — ізет, кішіге — құрмет көрсету, әділдік, адалдық, еңбекқорлық сияқты ізгі қасиеттер халықтың мінезіне айналып, қоғамның тұрақтылығына қызмет етті. Бұл орайда, Қазақстан өткен жүйенің кемшіліктерінен сабақ алып, интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы мерзімді баспасөзді қолдаудың тәжірибесін алуы тиіс. Әсіресе, мемлекеттік тілде шығатын газет–журналдарға мемлекет есебінен экономикалық, қаржылық тұрғыда қолдау көрсету арқылы мемлекеттік тілді жаппай меңгеруге, мемлекеттік саясатты насихаттауға, халықтың білім деңгейін, таным дәрежесін арттыруға болады. Ғылым–білімге ұмтылған ұлт әр түрлі салада инновациялық жаңалықтар ашуға, ғылым–инновация саласында әлемдік көшбасшы болуға бейім.

Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру. Дамыған мемлекеттердің мысалын қарастырғанда Қазақстан үшін ең маңызды сабақ — бұл мемлекеттер газет–журналдарды қолдауды осыдан 40–50–60 жыл бұрын қолға алған, яғни қазіргі ақпараттық–технологиялық өзгерістер полиграфиялық өнімдердің таралуына кедергі тудырмай тұрған заманның өзінде бұл саладағы мемлекеттік қолдау ешқашан әлсіреген емес. Еуропалық кеңес сонау 1970 жылдары мерзімді басылымдарға мемлекеттік қолдау көрсету механизмдерін енгізді, ал Франция француз тіліндегі газеттерді қолдау саясатын екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қолға алған. Себебі көшбасшы елдердің қай–қайсысы да мемлекеттік тіл саясатын өзінің ақпараттық кеңістікті қорғаудың және өзге

елдерге ықпал етудің тетігі ретінде қолданып келеді. Тәуелсіз ел болғанына әлі отыз жыл толмаған Қазақстан өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүргізуде, өзге елдермен тепе–тең қарым–қатынас ұстауда, ұлттың рухани–әдеби мұрасын әлемге танытуда мемлекеттік тілдің артықшылықтарын пайдалануы керек. Бұл үшін ең әуелі мемлекеттік тілде өз ойын еркін жеткізе алатын, латын қарпінде сауатты оқып–жаза алатын Ұлт қалыптастыру керек. Оның ең ұтымды әдісі — мемлекеттік тілдегі мерзімді басылымдардың таралымын арттыру болмақ.

Латын қарпіндегі баспасөз материалдарын жас ұрпаққа оқыту үшін республика аумағындағы барлық мектеп пен кітапхананың әрқайсысының бұл газет–журналдарға мемлекеттің бюджет есебінен тұрақты түрде жазылуын қамтамасыз ету өте маңызды. Қазақстан аумағында бүгінгі таңда жалпы білім беретін 7500–ден аса мектеп пен 4000–ға жуық кітапхана бар. Әр мектеп, әр кітапхана мемлекет есебінен бір данадан ғана жазылғанның өзінде, латын қарпінде сапалы материал басытын он бес газет–журналдың әрқайсысының таралымы бірден 11 500–ге артады. Ал кітапханадағы газет–журналдарды орта есеппен он адам оқиды десек, бұл шара оқырман санын арттырумен қатар, латын қарпінде оқу машығын тез қалыптастыруға әрі мемлекеттік саясатты тиімді жүргізуге сеп болады.



Шәмшидін ПӘТТЕЕВ,
«Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры

Кез келген мемлекеттің әскери қарымы мен қабілетін бағалауда бірқатар фактор мен жағдай ескерілетіні анық. Дәл осы бағалау бойынша НАТО-ға мүше елдер арасында Түркия өзінің жауынгерлік әлеуеті арқылы бүгінде АҚШ, Ұлыбритания сынды алпауыттардан кем түспейтінмен дәрежеге жетті. Бұл елдің сонау 1952 жылы аталған әскери блокқа енгенін ескерсек, мұны ауыз толтырып айтарлық жетістік деп бағалаған жөн.



ТҮРІКТІ ТАНЫМАЛ ЕТКЕН «БАЙРАКТАР»

Американы астаң-кестең еткен әйгілі 11 қыркүйек оқиғасынан кейін АҚШ-тың ұшқышсыз басқарылатын дәл аппараты Ауғанстан мен Пәкістанда сынақтан өткізілді. Құралдың ұрыс кезінде басымдық әперетіні анықталған соң өзге мемлекеттер де осындай жана қаруға қол жеткізуге ұмтылды. Солардың қатарында Түркия да бар еді.



Photo: aa.com.tr

Тарихқа көз жүгіртсек, Түркияның қорғаныс жүйесіне 1990-жылдары әкелінген тұнғыш ұшқышсыз әуе аппараты американдық GNAT және Израильдің Heron үлгілері бойынша жасалған. 2000 жылы GNAT-тың жетілдірілген нұсқасы болып саналатын Predator және Reaper әуе кемелерінің Түркияға сатуға АҚШ билігі келісім берген жоқ. Америкаға осы саладағы тәуелділіктен құтылудың жолын іздеген түріктер ендігі жерде төл құралын жасау жолдарын іздестіре бастады. Аз ғана уақыттың ішінде лаңкестік топтарға қарсы күресте басымдыққа ие болған жергілікті «Байрактар – TB2» дронның ұрыс алаңында қолдану соғыс түрік әскерінің қуатын екі есе арттырды.

СЕЛЖҮК БАЙРАКТАР КІМ?

Түркияны технологиялық көштің алдыңғы қатарына шығарған осы «Байрактар-TB2» компаниясының атауы қай тұлғамен байланысты? Енді соған келейік. Селжүк Байрактар 1980 жылы 7 қазанда дүниеге келген. Отбасында ортаншы бала. Жас кезінде көк жүзінде самғауды армандапты. Онысын әлеуметтік паракшасындағы жазбасы арқылы былай жеткізеді. «Ұшқыш болу арманымды жүзеге асыруда көп кедергіге ұшырадым. Соның бірі, «Зәйтүн бұтағы» әрекетінің кесірінен тағы 9 айға кейінге қалдыруға тура келген оқуымды ақыры бітіріп, міне, сол арманыма 2019 жылы ғана жеттім» дейді. Селжүктің ата-анасы 1980 жылдары «Bayraktar Makine» көлік құрастыру компаниясының іргесін қалап, әлі күнге дейін осы кәсіпті дөңселетіп келеді. Ғылым мен өнертапқыштық қасиетпен бірге отбасылық компанияның техникалық директоры

Селжүкті жетістікке жеткізіп, атын шығартқан Түркиядағы ең ауқатты отбасылардың бірі саналатын Байрактардың ұлы немесе көпшілік топшылағандай, Режеп Тайып Ердуанның күйеу баласы болғандығынан емес. Оны биік белеске көтерген ұлтжандылығы, білімпаздығы, сондай-ақ техникаға деген шексіз құштарлығы.

«...Ұшқыш болу, өз ұшағымды жасау бала күнгі арманым

еді. Кішкентайымнан авиация саласына деген қызығушылығым өте күшті еді. Бұған инженер отбасында дүниеге келгенім әсер етсе керек. Әкем мені жастайымнан ұшқыштар дайындайтын курсқа берді. Жалпы, аспан көгінде бір мәрте қалықтадыңыз ба, одан кейін өзінді тоқтату қиын. Отбасылық «Байкар» (техникалық директоры) компаниясын әкем 1985 жылы құрды. Сондықтан болар, жастайымыздан еңбекке араласып өстік». Селжүк, авиация мен тылсымы мол техника әлеміне қалай келгенін осылай еске алады.

Талапты жігіт Америкадағы Пенсильвания университетінің магистратурасын электротехника мамандығы бойынша бітірген. Массачусетс техникалық университетінде докторантурада оқыды. Селжүк шетелде жетілдірген білімін туған елінде көдеге жаратуды өзінің азаматтық борышы деп біледі. Осындай ұстанымды ту еткен өнертапқыш өзі жасаған ұшқышсыз басқарылатын ұшақтарын көрсеткен кезде Түркияда ондай әуе кемесіне қатысты бағдарлама бар-тұғын. Оны «Turkish Aerospace Industries» әуе-ғарыш компаниясы іске асырып жатқан. Алайда сол кездегі түрік шенеуніктері отандық әскери өнімге бет бұрудан гөрі АҚШ



пен Израиль сияқты елдерден техника сатып алу тиімдірек деп санады. Міне, сол кездері жас инженер Түркияның әлгі екі елге деген тәуелділігін ашықтан-ашық сынға алды. Осындай қайсарлығы мен бірбеткей мінезі арқылы өз елінде таныла бастады.

Әрине, Селжүк құрастырған ұшқышсыз аппаратты ел игілігіне жарату бірден оңайға соққан жоқ. Сынақтан өтпей тұрып, үкімет «Bayraktar-TB2-ге» сенімсіздікпен қарады. Содан болар, жаңа құралды қорғаныс жүйесінде пайдаланудан үзілді-кесілді бас тартты.

«... Менің төрт жылым Оңтүстік-Шығыста өтті. 40 шаршы метрлік бөлмеде 10 жыл тұрдым. Ең соңғы рет, президенттің күйеу баласы болғаннан кейін де «Зәйтүн бұтағы» операциясы кезінде ұшақ тұрағында 4 ай жаттым. Кейде кабинада, контейнерде түнедім. Ұшақтың қасынан, тіпті 100 метр алыс кетпедім. Мен бүгінгі жетістікке жету үшін ақшамды салдым, тер төгіп, еңбек еттім. Әсілі, мұнда ақшаның пәлендей рөлі жоқ. Өйткені мен бұл іске рухымды арнадым» (Жергілікті телеарнаға берген сұхбатынан үзінді).

2006 жылы Селжүк Байрактар ойлап тапқан құрал Түркиядағы ұшқышсыз басқарылатын шағын дрондар байқауында үздік деп танылды. Тек содан кейін елдің оңтүстік-шығысына осындай 19 құрылғыны апаруға рұқсат берілді. Алдымен 2009 жылы, содан кейін 2015 жылы екінші рет комиссия алдында сынақтан сүрінбей өтті. «Bayraktar-TB2» бұдан былай Түркия әуе операцияларында беткеуістар жойқын күшке айналды. Ол 7 мың метр биіктікте 24 сағатқа дейін ұша алады. Жердегі станса арқылы басқарылады. 150 шақырымға дейінгі қашықтықта салмағы 55 келіге жететін жүкті көтере алады. Аппараттың жалпы ұшу уақыты айына 6 мың сағатқа жетеді.

ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ ➤

Нұреттин АҚСУ, журналист (Түркия):



СЫРТҚЫ ТӘУЕЛДІЛІКТЕН ҚҰТЫЛДЫ

Түркияны қорғаныс өнеркәсібі саласы бойынша сыртқы елдерге деген тәуелділіктен құтқару үшін алдымен қорғаныс өнеркәсібі нысандарын жаңғырту қолға алынды. Бұрын бұл сала ұлттық қорғаныс министрлігінің қарамағында болатын. Ұлттық қорғаныс министрлігі мен ішкі істер министрлігіне қажетті қару-жарақ өндіретін фабрика мен нысандар бар еді. Солардың бірі – «Көлік құрастыру және химиялық өнеркәсіп қару-жарақ зауыты». Мемлекетке қарасты бұл мекеме әскерилер мен ішкі істер министрлігіндегі полиция қызметкерлерін қарумен немесе құрал-жабдықпен қамтамасыз ету үшін құрылған. Бұдан бөлек, әскерилер мен полиция өкілін электронды қарумен қамтамасыз ету үшін құрылған «Асөлсан», яғни әскер-электроникалық өнеркәсібін, «Танк Палет» және бронды көлік жасау зауытын, ұшақ өнеркәсібімен айналысатын фирманы атауға болады. Соңғысы фирма әскери ұшақтарды жөндеу, модернизациялау жұмыстарымен айналысады. Бұлардың барлығы мемлекеттік мекемелер. Соңғы уақытта әскери және өнеркәсіп нысандарын жөкешелендіру жұмысы қолға алынды. Мұндағы мақсат – бюрократиялық қайта құрылым жұмысында жылдам шешім шығару барысында орын алған қиындықты жою. Тағы бір мәселе, бұрын ұшқышсыз ұшақты Израильден алатынбыз. Мәселен, танкті Германиядан сатып алатынбыз. Сатқанымен олар сол танктердің бағдарламасын бермейді. «Бұзылып қалса өзіміз жөндеп береміз» дейді, әрі өздері бекіткен аймақта ғана қолдану сияқты шектеулер қоятын. Қысқасы, осы салада сыртқы елдерге тәуелді едік. Қазіргі таңда ұшқышсыз ұшақ, олардың бағдарламалары, тіпті F-15, F-104 секілді ескі ұшақ түрін жаңарту жұмысы Түркияда да жасалуда.

Дерия ДЕНИЗ, журналист:



Соңғы он жылда Түркияның қорғаныс өнеркәсібінде сырт елдерге деген тәуелділігінің деуір деңгейде азайғаны рас. Түркияның осындай іргелі салаларға қолдау көрсетіп, өз өнімдерін шығаруды көздегені нәтиже бермеді емес, берді. 15 жыл бұрын бұл салада сырт елдерге деген тәуелділік 60 пайыз шамасында болса, бүгінде бұл көрсеткіш қазір 30 пайызға дейін төмендеді. Бұл дәрек билік тарапынан жасалған мәліметтерден де нақтылана түсуде. Алайда, сол мәліметтердің дұрыс-бұрыстығына қатысты әлі де талас бар. Тәуелділіктің азайғаны рас. Бірақ, қанша пайызға азайғаны тартысты мәселе.

Қорғаныс өнеркәсібіндегі сияқты, энергетика саласында да сырт елдерге деген тәуелділікті азайту үшін бірқатар қадамдар жасалуда. Мәселен, бірінен соң бірі жылу стансалары салынуда. Әйтсе де, сондай стансалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына зиян орасан келтіретінін айтпаса тағы болмайды. Олардың осындай зияндылығына қарамастан, билік «энергетика саласында сыртқы елдерге деген тәуелділікті азайтамыз» деген мақсатты көздеп отыр.

«Мәселе — артында ғажайып туындылар қалдыруда емес. Мәселе — сол туындыларға қатысты пікірлердің адамдарды, ал адамдардың әлемді өзгертуінде» («Twitter» әлеуметтік желісіндегі жазбасынан.)

«BAYRAKTAR-TB2» НЕСІМЕН ЕРЕКШЕ?

Құрылғының техникалық сипаттамасына тоқталып өтер болсақ, «Bayraktar-TB2»-нің максималды ұшу салмағы — 650 келі. Идтиб аспанында ойран салған құрылғының қанаты — 12 метр. «Ротакс-912» қозғалтқышының қуаты 100-ге тең. Крейсерлік ұшу жылдамдығы — 130 км/сағ, болса, ең жоғары жылдамдығы — 222 шақ/сағат. Техникалық жағынан қуатты құрылғының әсер ету биіктігі — 150 шақырым, ал ұшу биіктігі — 8200 метр.

Түрік әскерлері пайдаланатын 75-тен астам «Bayraktar-TB2» шағын ұшқышсыз әуе көлігі электроникалық, компьютерлік бағдарламамен жабдықталған. Бүгінге дейін 100 мыңнан астам операциялық ұшу сапарын жүзеге асырған құрылғыны теңдессіз техникаға айналдырған негізгі қасиеті — қолайсыз ауа райы кезінде де қолданылуында.

Жаһандану кезеңінде қандай да бір елдің қуатты техникасының саны мен сапасының артуы — оның ғылыми әлеуетінің басымдыққа ие екенін білдірсе керек. Бәсекелестік артықшылықтың туындына ықпал ететін басты фактор да осы. Бұл сөзімізге Түркияны ірі державалармен терезесін тең қылып, иық теңестіріп жағдайға жеткізген «Bayraktar-TB2» құрылғысы бірден-бір дәлел.

Түріктің төл туындысы қазірдің өзінде сұранымсқа ие. Соңғы деректерге қарағанда, оны Әзірбайжан да сатып алмақшы. Демек, Селжүк Байрактардың инновациялық ұмтылысы елдің қорғаныс жүйесіне басымдық әкеліп қана қоймай, қару-жарақ экспортын жүзеге асыруға да жол ашып отыр. Ең бастысы, отандық өнімді өндіруге деген құлшынысты оянуына ықпал етті.

Нүргүл ЖАМБЫЛҚЫЗЫ

қызметін де қоса атқарады. Ол Түркия президентінің қызы Сүмеяға үйленеді. Айбике есімді сүйікті қыздың әкесі. Дегенмен,



Шымкенттің туристік маңызы айрықша. Бұл Ташкент, Бішкек және еліміздің солтүстік өңірін қосатын торап. Инфрақұрылымы дамыған үкен қала. Шымқалада тұрғынның дамуына көптеген фактор ықпал етеді. Жылына 300 күн жылы ауа райы, табиғи-климаттық аймақтардың алуан түрлілігі. Ұлы Жібек жолы бағытында ірі тарихи қалалардың (Түркістан, Тараз, Ташкент, Самарқанд және т.б.) жанында оңтайлы орналасуы. Енді мұның бөріне Шымкенттің «ТМД-ның 2020 жылғы мәдени астанасы» деген дәрежесі қосылды. Мәдени астана енді өзінің бәсекеlestік артықшылықтарын пайдалана отырып, бүкіл Қазақстан, қала берді ТМД мемлекеттері үшін мықты тірек, туристік орталыққа айналып келеді.

Шымкент — мен үшін анамның ыстық алақаны. Қуат алатын киелі мекен. Ыстық тандыр нан мен көк шәй. Ең қонақжай достарым. Бала кезден естіп келе жатқан бесік жыры. Бақытты балалық шақ. Ол — менің жүрегімнің көктемі. Көктемнің бастауы — Шымкентте мәдени астана жылына орай 34 маңызды мәдени іс-шара өтуі жоспарланған еді. Әлемде қалыптасқан пандемиялық ахуалға орай барлық жоспар кейінге шегерілді.

Ал «Шымкент-2020 — Тәуелсіз мемлекеттер достастығының мәдени астанасы» жылының ашылу салтанатын аман-есен өткізіп алдық. Құдайға шүкір дейік, әлем елдерінің алдында басымызды тік көтеріп, «Шымкент — ТМД елдерінің 2020 жылғы мәдени астанасы» деп ұялмай айтатындай жоғарғы деңгейде өтті. Үйден шықпай, онлайн тамашаласак та, туған қаламыздың төрінде шалқып жүргендей маркайып отырдық. Ең бастысы, мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы мейманасы тасыған Шымқаланың шырайын арттыратын шуақты тұлғалар мен көрікті жерімізді кереметтей көрсете біліпті.

Бағдарлама «Интро», «Ұлы мұраның бастауы», «Ұлы Жібек жолы — Шығыс пен Батыс арасында» және «Шымкент — аңыздар қаласы», «Қазақ халқының ағартушылары», «Менің Елім» деген бөлімдерден тұрады.



Көрсетілімнің алдында Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтеновтің бейнеүндеуі

көрсетілді. Ашылу салтанатында сөз алған ол былай деді: «Қазақстандағы мегаполистер қатарындағы шырайлы Шымкент мәдени астана ретінде бекер таңдалған жоқ. Шымкент — еліміздегі ең үлкен үш қаланың бірі. Сондай-ақ ірі өнеркәсіптік және экономикалық орталық. 2018 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Шымкент республикалық маңызы бар қала мәртебесіне ие болды. Сол сәттен бастап жаңа мүмкіндік ашылып, биік белестердің дәуіріне жол салынды. Бұл тұрғыда қаламыздың көне Жібек жолының бойында орналасуы және географиялық қолайлылығы сауда мен бизнесті, мәдениетті өркендетуге үлкен мүмкіндік беруде. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Шымкенттің келешегі жарқын, жергілікті тұрғындардың үштен бір бөлігі жас буын өкілдері. Сондықтан шаһарды жастар қаласы деуге болады. Ерекше мәртебеге ие болған Шымкент еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында айрықша рөл атқарады» деп атап өтті. Біз миллионды мегаполис тұрғындарымен бірге сүйікті қаламыздың баянды болашағы үшін жұмыла жұмыс істейтін боламыз.

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары! Шымкенттің тарихы тым тереңде жатыр. ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының шешіміне сәйкес, шаһардың көне ғасырлар қойнауында жатқан 2200 жылдық тарихы анықталды. Шымқала меймандостығымен, салт-дәстүрге беріктігімен тартымды. Енді қонақжай, мәдени астанада күн сайын маңызды іс-шара мен түрлі форум өткізетін болады. Қадірлі ағайын! Шымкентте орналасқан мәдени нысандар — музей, театр, саябақ пен заманауи демалыс ойын-сауық орындары сіздерді асыға күтуде. Мүмкіндік болса, сіздерді шырайлы шаһардың шуақты шаттығын бірге тамашалауға шақырамыз. Шымкент қаласына қош келдіңіздер!».

Көрсетілімдегі басты кейіпкер — Шымкент қаласының тұрғыны, бойжеткен қыз танертенгі күн сәулесімен далаға қарай жүгіріп, қолында іс-шара логотипі бар баттырауықты ұстап тұрады. Осылайша, өңірдің табиғи сұлулығы — оның жайлауы бар ландшафты, қар басқан таулары мен қаланың көрікті жерінің суреті мәдениет астананың көркін ашты. Шығармада елдің ұлттық және мәдени ерекшеліктерінің шығу тегі, тамыры туралы айтылады. Ұлы тарих пен аңыздардан тұратын қазақ даласы басты образға айналады.

Оның ішінде 2014 жылдан бастап Шымкент тұрғын алабы болған, қазіргі уақытта Сайрам, ежелгі Исфиджаб — халықаралық магистральдағы ірі сауда және мәдени орталықтың тарихы көрсетілетін болады. Сондай-ақ 2200-жылдығы ЮНЕСКО-ның 2020 жылы атаулы күндер халықаралық күнтізбесіне енгізілген Шымкенттің тарихы да көрсетіледі.

Телевизиялық жобала ТМД атқару комитетінің төрағасы Сергей Лебедев те Шымкенттің ТМД елдерінің мәдени астанасы мерекесінің салтанатты рәсімінде қуанышымызға ортақтасып, бейнеүндеу жолдапты.

Сергей Лебедев: «Қала тұрғындарын осынау айтулы мерекемен және негізі қаланғанына 2200 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл мерейтой ЮНЕСКО-ның атаулы мерекелер тізіміне енген. ТМД елдерінің мәдени астанасы

ретінде бұған дейін де Қазақстанның екі қаласы, 2012 жылы Нұр-Сұлтан, 2014 жылы Алматы қалалары жарияланған еді. Бүгінде бұл құрметті эстафетаны Қазақ елінің тағы бір шуақты да жомарт Шымкент қаласы қабылдап алуда. Бұл көне қалада дала көшпенділері мен Шығыстың жергілікті отырықшы тұрғындарының өркениеті бағаланып келеді. Ұлы Жібек жолының бойындағы көне қаланың тарихы архитектуралық қасиетті жерлерде көрініс тапқан. Кереметтей бұл қала сирек адамдар мен көрнекті орындарды көше аттары арқылы көздің қарашығындай сақтап келеді. Сондай-ақ келуші туристерді



Исполнители Содружества

деген де екінші атауы болған. Қытайлық жазба

«Шымкент Ұлы Жібек жолындағы, Адами парасаттың шаңырағы. Айта алмас бұл шаһардың нарқын адам, Еңбекпен бой көтерген халқы аман. Шымкент Ұлы Жібек жолындағы, Секілді дауғар жузік жарқыраған».

Бауыржан Байтанаев — Ә.Марғұлан атындағы археология институтының директоры. Тарих ғылымдарының докторы Шымкенттің 2200 жылдығын тойлау мәдени астанамен тұспа-тұс келгендігін, көне қаланың б.з.д. II ғасырда Ұлы Жібек жолының бойында пайда болғанын, археологтардың Қазақстандағы облыс орталығында тарихи өзегін сақтап қалған жалғыз қалалағы Цитадельді зерттеу барысында қайталанбайтын құнды материал тапқанын тілге тиек етті.

Ол «2003 жылы қалашықты аршу жұмыстарынан кейін тарихшылар Шымкенттің тарихи жасы 2200 жыл деген байламға келді. Шымкенттің көне қала деген дәрежесі бар. Ол Ташкенттің құрдасы саналады. Ол кезде шекара болмаған, қос халық қоян-қолтық араласып тұрған. 2020 жылғы ТМД елдерінің мәдени астанасы, бұл да — заңды құбылыс. Шымкент мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан өзіндік мәдениеті бар, қайталанбайтын дара қала. Қаланың Нужицент немесе Навчекак



КӨНЕ ШАҒАРДАН МӘДЕНИ АСТАНАҒА ДЕЙІН

«SHYMKENT-FEST» — BEST!

Осы ауқымды іс-шаралардың бөрінін басы-қасында жаны тынбай шапқылап жүрген Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы Рашид Мынбаев тележобаның «Мир-24» халықаралық, республикалық, жергілікті телеарналарда және интернет желілерінде көрсетілгенін айтады.

Рашид Мамытұлы: «Бұл теленұсқа басқарманың жанынан құрылған комиссияның шешімімен



іріктелген шығармашылық топтың біраз уақыттан бергі жанкешті жұмысының нәтижесі. Тау-тауды аралап, аптапал киіз үй тігіп, сонда қонып қалған күндері де болды. Тележобадан бөлек, ТМД елдерінің және Қазақ елінің өнер жұлдыздары ақ жүректі видеоқұттықтауларын жолдады. 25-ке жуық бейнеүздікті әлеуметтік желілер мен жергілікті телеарналарда көрсеттік.

Сонымен қатар, қала күні мерекесі аясында жергілікті

телеарналар мен әлеуметтік желілерде онлайн форматта көптеген танымдық, мәдени-сауықтық шаралар, поэзиялық сағаттар, фестиваль-байқаулар,

көрмелер өтті. Атап айтқанда, Шымкент Мәдениет үйі өнерпаздарының ұйымдастыруымен ТМД және еліміздің өнерпаздарының қатысуымен «Шуақ шашқан Шымқалам!» атты мерекелік концерттік бағдарламасы, «Shymkent-Fest» онлайн өнер фестивалі аясында «2200 жылдық шежірелі Шымкент» республикалық онлайн акындар айтысы, «Ғажайып қала — Шымкент» жазба акындар арасында онлайн мүшәйра, «Ертегі қала — Шымкент» фотографтар арасындағы онлайн байқауы, «Балалар көзімен — Шымкент» жас суретшілер арасындағы сайыс, «Қайырымды қала — Шымкент» оқырмандар арасындағы онлайн оқулар өз мәресіне жетіп, жеңімпаздары анықталды. Оларға қаржылай сыйақы берілді», — дейді.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН.

Ұлы Жібек жолының бойына қоныс тепкен, ежелден Қазақстанның экономикалық, сауда және мәдени-тарихи орталығына айналған Шымкент шаһары еліміздің еңсесі биік, етегі кең, күні шуақты, тұрғындарының тұрмысы қуатты қала. Шымкент биыл ТМД елдерінің мәдени астанасына айналды. Қазақстандағы үшінші мегаполис мәртебесін алған қаланың бұрынғыдан да көркейіп, ажарлана түсуіне оның мәдени астана атауы да зор серпін берді. Қаламыз саулетті құрылыстарымен, абағандар көркем, жап-жасыл келбетімен, қызылды-жасылды түнгі жарқыраған шамдарымен көрсең жаныңның көңілін көркейтетін кейіпке ене түседі.

Мәриям АЙТБАЙ, Шымкент қаласы

елінің қай бұрышында да қайманалы қазақтық, казаки дәстүр, әдет-ғұрып сақталған. Ал біздің Шымкентте ол шынайы сақталған. Шымкент қаласы ата-баба өсиетін, ақ жаулықты аналардың қасиетін жоғалтпаған жер дер едім. Қасиетті аналарымыздың осы көне Шымкентімізде мекендеуінің өзі үлкен мән-мағына емес пе?! Шымкент қаласының әрбір кірпішімен мақтанамыз. Оңтүстік өңірінің жұрты мәңгі жасай берсін!».

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесіндегі Әзірбайжан Республикасының өкілі Полад Бюльбюльевтің өзінің видеожолдауында мұндай жобалар мәдениет саласында мәселелерге назар аударуға, жергілікті билік пен тұрғындардың, жалпы ТМД елдерінің халықтарының өзара байланысуына мүмкіндік беретінін алға тартты.

«Мәдениеттің үлкен мерекесімен құттықтаймын. ТМД елдерінің мәдени астанасы атты кереметтей жоба ел астанасы болып табылмайтын қалаларға арнап ойлап табылған. Себебі жоба өткізілген ТМД елдерінің барлық дерлік қалаларында оң тәжірибе көрсеткен. Мәселен, Шымкент сияқты көне дала, ірі инфрақұрылымы бар қала өзінің ежелгі тарихын,

ұландарына туған жерден артық қандай саябақ болсын?! Сол туған жердің мейірімін саялап, ғибратпен шешіресін ардақтап, жүрегімізде мәңгі аялап өтсек не арман?! Біздің басқан әрбір қадамымыз Шымқалаға аян. Жаңа дәуір, жаңа заман, жаңа күн туғанда, ғаламға данқы кеткен анамыз да, панамыз да өзінің, Шымкент! Өзіңнен туған ұл-қыздарың аманда дидарына қылаудай мұң түсірмес». Түсіруші топ кішкентай қыздың образы арқылы жүректен шыққан осы шынайы лебізді жеткізгісі келіпті. Ойдағыдай жеткізіпті де.

Одан кейін, Абыз ақсақалдың қобыз үні Көк Тәңірі мен күн нуры боп таралады.

«Қара қобыз Тәңірменен тілдескен, Қара қобыз тіршілікпен үндескен.

Көк Түріктің көкжасал туған ұлдары, Көк Тәңірдің алғарымен күн кешкен.

Қожахмет, Қабдығали, Жалаири, Әл Фараби, Баласағұн, Қашғари,

Ғам данышпан дара тұлға Дулати, Алаш туған асыл ұлдар аспани.

Ұрпақ үшін құрбан болған жандары. Қасиетті қайта дүниесі нәр бар.

Бәйдібек би, Төле, Әйтеке, Қазбек, Әуақты қазағымның хандары.

Арман қуып ақ қанатын талдырған, Ақ қанатын азап-мұңға малдырған.

Ұлы дала ұлдарына мың рахмет! Ұрпақ үшін ұлы мұра қалдырған».

2200 ЖЫЛДЫҚ ШЕЖІРЕ

Басты кейіпкер — кішкентай қыз сценарий бойынша Ұлы Жібек жолының бойындағы көне қалаға келеді.

Таразы

Қазіргі уақытта еліміздің Жоғарғы Сотында Мемлекет басшысының тапсырмасымен сот жүйесін ізгілендіру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мақсатымыз – халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттырып, сот төрелігіне толық қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Айтылған басымдықтарға назар аударатырып, біз бірінші кезекте судьяларды іріктеудің сапасы мен ашықтығына, судьялар жүктемесінің, әсіресе, бірінші сатыдағы соттардың жұмысына үлкен мән бердік. Біраз қанағаттанарлық шаралар атқарылды. Мысалы: судьяларды іріктеудің жаңа әрісіндері енгізілді, судьялардың қызметін бағалайтын комиссия жұмыс істей бастады т.б. Сот жүйесінің жұмысына қызығушылық танытушылар соттардағы «Татуластыру» орталықтары мен фронт-офистерді құру жөніндегі жобалар, сот актілерін дайындаудың және түсіндірудің жаңа тәсілдері, соттардың ашықтығы мен сот қызметінің нормативтік-құқықтық негіздерін жетілдіру туралы ақпараттардан хабарлар болуы тиіс. Жоғарғы Соттың сайтында «Қазақстанның сот төрелігі: ахуалы, үрдістері, келешегі» деген тақырыппен толық көлемді жинақ

қағидаты туралы негізгі нормаларды қайта бағалау қарастырылып, бүгінгі күн талабына сай жаңартылды.

Аталған шаралар қандай нәтиже береді? Әлеуметтік желідегі заңгерлердің пікірлеріне қарағанда, «судьяның аталған артықшылығы азаматтардың құқықтары туралы кепілдіктерді төмендетпей ме?» деген аландаушылық бар сияқты. Судьяның жарыспалы процесітегі рөлі, оның белсенділігінің сот процесіне қатысушылардың бастамасы мен сәйкестігіне қатынасы қашанда әртүрлі пікір тудыратын мәселе болып қалады. Әдетте, құқықтық қатынастарға қатысушылардың теңсіздігі мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттерін даулау туралы істерде танылады, онда соттың дәлелдеудегі өзгеше рөлі заңмен бекітілген және соттың белсенділік шегі кеңейтілген. Бұл Қағида Қазақстан Республикасының Әкімшілік

әрекеттерден арылту.

Кейбір санаттағы даулар бойынша тараптар арнайы талап етпесе, судья істі жеңілдетілген тәртіппен қарау мүмкіндігіне ие болады. Заңнамамен судьяға тараптарды шақырту қажеттілігінің бар-жоғын анықтау құқығы берілді. Жеңіл мәселелер тараптарды шақыртусыз қаралады (*мәселен, процесітік мерзімді қалпына келтіру, шешімдердегі қателерді түзету т.б.*). Артық сот рәсімдері қысқартылды. Соттар қабылдайтын 9 түрлі аралық ұйғарым алып тасталынды (*мысалы: жеңілдетілгеннен жалпы талап қою іс жүргізуіне өту, талап қоюды оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қабылдау, сот отырысының күнін белгілеу, іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау т.б.*). Естеріңізде болса, осыдан бір жарым жыл бұрын

Жоғарғы Сот төрағасының бастамасымен жүргізілген «Сот төрелігінің 7 түйні» жобасы аясында «Сот актілерін түсіндіру» пилоттық жобасы әзірленген еді. Пилоттық жоба сот шешімін түсіндірудің қажеттілігі мен маңыздылығын бекітті. Аталған жоба турасында процесске қатысушылар оң пікірлер білдірді және шешімдерге арыздану фактілері азайды. Судьяның қабылданған шешімінің құқықтық негіздері мен салдарын түсіндіру міндеті заңнамалық түрде бекітілді. Татуластыру рәсімдерін одан әрі дамыту мақсатында талап қою арызын қабылдау үшін 10 күндік мерзім белгіленген. Дау реттелген жағдайда судья талап қою арызын өзінің іс жүргізуіне қабылдайды және тиісті келісімді бекітеді. Егер келісімге қол жеткізілмесе, сот тараптардың істі сол судьяның қарауына келісімін анықтауға, ал ол болмаған жағдайда — істі басқа судьяға қайта бөлу үшін беруге міндетті. Сотта медиация рәсімі барысында

алынған дәлелдемелер тараптардың қарсылықтары болмаған жағдайда ғана істі мәні бойынша қарайтын судьяға ұсынылуы мүмкін. Партиципативтік рәсімді өткізуге екі тараптың да адвокаттарының, сондай-ақ «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын адамдардың да жәрдемдесуімен жол беріледі. Сот төрелігін электронды түрде жүзеге асыру — басты бағыттарымыздың бірі. Соттардың қызметін ақпараттық технологияны қолдану арқылы жүргізудің алғашқы негізі осыдан он жыл бұрын қаланып, қазіргі уақытта біршама жетістіктерге қол жетті. Бүгінгі күні Қазақстанның соттарында ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейі өте жоғары. Бұл жетістік алдыңғы қатарлы шетелдердің сот қауымдастығы өкілдерінің оң бағалауына ие болды. Шын мәнінде біз виртуалды сот төрелігін құруда Дубай, Ханчжоу сияқты қалалардың алдыңғы қатарлы соттарының жетістіктерінен қалыспай, қатар дамып келеміз. Сонымен бірге электрондық сот төрелігін дамытуға жана жағдайға бейімделген заңнамалық қолдау қажет. Заңнамаға енгізілген түзетулер электрондық оңайлатылған (*жасабаи және бұйрықтық*) іс жүргізуге толық көшуді қамтамасыз етуге бағытталған. Статистикалық мәліметтерге келетін болсақ, ағымдағы жылдың сәуір-мамыр айларында соттар бірінші саты бойынша 46,5 мыңға жуық электрондық талап арыздарды қабылдады. Іс жүргізу тәртібімен 58,8 мың азаматтық іс аяқталды. Күн сайын мұндай санаттағы азаматтық істер электрондық форматта қаралады. Халыққа арнайы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қолайлы жағдайды қалыптастырдық деп айта аламыз. Ауылдық жерлерде интернет әлсіз екені белгілі. Сондықтан соттар ғимараттарындағы фронт-офистерде барлық техникалық құралдар мен қажетті жағдай жасалған. Әр азамат келіп, өз талап арызын жолдау мүмкіндігін пайдалана алады. Биылғы жылы азаматтық істер бойынша 699 сот залын техникалық жабдықтау жоспарланды. Біз техникалық және құқықтық тұрғыдан азаматтық іс жүргізу бойынша электронды сот төрелігіне қол жеткіздік. Болашақта цифрландыру жүйесін дамытуды тоқтатпай, халыққа қолайлы жағдай туғызып, электронды сот төрелігін жетілдіре береміз. Процестік заңнама электрондық хаттама ретінде сот талқылауының аудио-бейнежазбасы танылатыны туралы нормамен толықтырылды. Соттарда оңайлатылған іс жүргізу тек электронды форматта өтетін болады. Қорыта айтарымыз, еліміздің Азаматтық процесітік кодексіне енгізілген толықтырулар мен түзетулер жаңа қоғамдық қатынастарды реттеуге, судьялар тарабынан заңды әрі әділ шешім қабылдауға барлық құқықтық жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған. Халықтың мемлекеттік билікке, сот жүйесіне деген сенімін арттыру нақты қадамдар арқылы жүзеге асырылады. Мақсаты айқын, болашағы үлкен ұлағаты елге үлгілі сот жүйесі қажет. Бұл еліміздің азаматтарына деген құрмет әрі мемлекет қамқорлығының жоғары көрсеткіші болып танылады.

Мейрамбек ТАЙМЕРДЕНОВ,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы



KÓKEIKESTI

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Жастар ойы

ТІЛ ТҮЗЕУДІҢ
ТУРА ЖОЛЫ

Қазақ тілі – өлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай тілдердің бірі. Тіл ана сүтімен беріледі. Ана сүтімен бойға енген қасиет туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала көзден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа. Отаңа деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады. Ол үшін балаға өртегі айтып, сол арқылы бойына тілдің барлық құнарын жастайынан сіңіру қажет. «Мақал – сөздің мейірі» дегендей, ауыз әдебиеттің асыл қазынасы, бүкіл ойды екі-үш сөзге түйіндейтін тағылымы мол мақалды көп жаттатып, олардың астарын ашып, мәнін түсіндірген абзал. Тіл ұстарту мақсатында жаңылтпаштарды айтуға дағдыландырған баланың кейін сүрінбей сөйлеуіне ықпал етеді.

Тіл — халықтың рухани, мәдени байлығының даму құралы. Қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаев «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» деген екен. Тілді тек қана қарым-қатынас құралы деп қарау қате. Тілде ұлттық психология, этникалық ойлау жүйесі, тәрбие жатыр. Тіл шұбарланса, қазақы ұғым былғанып, адамның ойлау жүйесі, түсінік танымы, тіпті тәрбиесі тұтастай өзгереді.

Сөз зергері Ғабит Мүсірепов айтпақшы, ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Туған тілін қастерлеу, құрмет таныту — әрбір пенде баласының басты борышы. Байқағанымыз, басқа ұлт өкіліне тұрмысқа шыққан қазақ қыздарының балалары ағылшын, орыс, түрік тілдеріне жүйрік, ал қазаққа білмейді. Басқа ұлттың қыздары кімге тисе де, ұл-қызына өз тілін үйретеді. Батыр Бауыржан Момышұлы «Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуі мені қатты қынжылтады. Бұған ең алдымен ата-ана кінәлі» деген. Бала ата-анаға қарап бой түзейді. Өкінішке қарай, кейбір ата-әжелер, ата-аналар – кешегі отарлау саясатының құрбандары. Орыстанған ұрпақ. Соңғы кездері қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді де сәнге айналдырып алды. Кезінде Алаш зиялылары бала бастауышты бітіргенше тек ана тілінде білім алу керектігін атап айтқан екен. Олардың ұлтшыл атауының бір себебі сол болды. Онға толғанша тек ана тілінде білім алған баланың патриоттық сезіміне селкеу түспейді. Қазақ тілінің болашағы жастардың қолында. Жастардың тіл білмеуі, ана тіліне шорқақ болуы — ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан, қазақтың әр шаңырағы өз отбасындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Өйткені тіл – ұлттың жаны!

Лашын МҰХАМИТОВА,
Алматы қалалық №152 орта мектептің 11-сынып оқушысы

Білім

ONLINE САБАҚ
ОҢТАЙЛЫ

2019-2020 оқу жылы да өз мәресіне жетіп қалды. Бірақ биылғы оқу жылының жартысы өзгешелеу болды. Әлемді жайлаған пандемияға байланысты барлық білім беру мекемелері online форматқа ауысты.

Алматы Менеджмент университетінде сабақ Moodle және Zoom платформасы арқылы өтті. Университеттің тілдерді дамыту орталығының басшысы Әсем Амантайдың басшылығымен осындай online сабақта білім беру форматының ұтымды тұсын пайдалануға үлкен мән берілді. Орталық оқытушылары жаңа форматта білім берумен байланысты өткен барлық вебинарға мүмкіндігінше қатысып отырды. Алған білімі өтілген сабақта қолданыс тапты. Алайда біз сабақ барысында университетімізде нәтижелі қолданылып келген сабақ берудің әдісі мен технологиясын да сырт қалдырмадық. Сондай сабақтардың бірі — филология ғылымдарының докторы, профессор Анар Салкынбайдың қатысуымен өткізілген бинарлы сабақ. Бинарлы сабақ дегеніміз, аты айтып тұрғандай, екі немесе бірнеше педагогтың немесе сала мамандарының бірігуімен өткізілетін сабақ.

Алматы Менеджмент университетінің «В2» деңгейіндегі студенттерге қазақ тілі пәнінен өткен «Термин және біз» тақырыбындағы бинарлы сабақ өте қызықты әрі нәтижелі болып, өз мақсатын орындады. Сабақтың бірінші бөлігінде «Терминді сол қалпында өзгеріссіз қабылдау керек пе, әлде оны қазақ тіліне аудару қажет пе?» деген сұраққа жауап беру үшін студенттер екі топқа бөлініп, пікірсайыс өткіздік. Тілдің сөзжасам саласының маманы, әлемнің түрлі елдерінің мінбелерінде өзінің ғылыми тұжырымын бөлісіп жүрген ғалым-ұстаз Анар Бекмырзақовы терминнің қоғамдағы рөлі мен оның біз біле бермейтін қырларымен бөлісті.

Терминге қатысты бұрын-соңды естімеген тың мәлімет тыңдаушы студенттердің терминге деген қызығушылығын арттырды. Сабақ барысында Алматы Менеджмент университетінің студенттері қойылған сұрақ арқылы және берілген жауапқа өз пікірін беру арқылы білім алуда ашық, терең ойлай алатын, зияткерлік қасиеттерінің басым екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Бинарлы сабақты online өткізудің қолайлы тұсы сабақ өту барысында айқын көрінді. Сондықтан offline-нан ауысып, online түрде сабақ өту өзінің ыңғайлылығымен сабақ үдерісінде ерекше орын алды. Online сабақтың тағы бір ұтымды жағы — бинарлы сабақты пән оқытушысымен бірлестікте өткізетін сала маманына сабақты өткізу үшін арнайы уақытын бөліп университетке келу қажет емес. Ол өз жұмыс орнында отырып, өзге аудиторияда, тіпті өзге елде де сабақ бере алады. Сондықтан болашақта бинарлы сабақтарды online форматта еліміздің алыс аудандарында орналасқан кәсіпорындарында еңбек ететін сала мамандарымен және алыс және жақын шетелдердегі әріптестерімізбен бірлестікте өткізуге болады. Мысалы, мейрамхана саласының маманы өз жұмыс орнынан кейс тапсырманың шешу жолын студенттерге іс жүзінде көрсете алады. Нәтижесінде студенттерге теориялық білімін практикамен ұштастыру мүмкіндігі туады. Студенттің танымдық қызығушылығын арттыратын мұндай сабақ, дәріс online форматтың оңтайлы тұсы болмақ.

Ақмарал НҰРТАЗИНА,
Алматы Менеджмент университеті тілдерді дамыту орталығының аға оқытушысы

ҰЛАҒАТТЫ
ЕЛГЕ
ҮЛГІЛІ
СОТ
ҚАЖЕТ

жарияланды. Жинақта сот жүйесі қызметінің бір жылдағы негізгі нәтижелері көрсетілген. Өзекті ақпараттардың жиынтығы болып табылатын жинақ жарты жыл сайын жаңартылып отырады. Соттарға жыл сайын 3–4 миллионға жуық істер пен материалдар түседі. Барлық сот істерінің шамамен 83 пайызын азаматтық істер құрайды. Қазақстандықтарға сот төрелігіне жүгінуге ешқандай шек қойылмайды. Дегенмен кейбір дауларды келіссөздер немесе жоғары тұрған ұйымдарға арыздану арқылы реттеудің жолдарын қарастырған жан болар еді. Қазіргі уақытта сот төрелігін жүргізудің басты міндеті — дауды бейбіт жолмен реттеудің тәсілдерін кеңінен қолдану және тараптарға құқықтық реттеудің жолдарын таңдауға ықпал ету болып табылады. Соттардың жүктемесінің шектен тыс көп болуы бірінші кезекте сот шешімінің сапасына әсер етеді. Нәтижесінде қоғамда сотқа деген сенімсіздік пен судьялар жұмысына көңіл толмаушылық пайда болады. Сондықтан азаматтық сот ісін жүргізуді ізгілендіру мен жаңғырту қажеттілігі туындады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Азаматтық процесітік кодекске үш топтамадан тұратын түзетулер мен толықтырулар дайындалып, Парламент қарауына енгізілді. Сот жүктемесін оңтайландыруға бағытталған өткен жылдың қаңтар және сәуір айларында қабылданған екі заң топтамасы өз тиімділігін көрсетті. Қазір сот тәртібінмен қаралуға жататын нотариалдық куәландырылған мәмілелер бойынша сомаларды өндіріп алу, коммуналдық қызметтерді көрсету туралы жария шарттар, еңбек шарттары және басқа да даусыз сипаттағы талаптарды қарау құқығы нотариустарға берілді. Сот орындаушысының әрекеттері бойынша қаралуға жататын 18 түрлі санкцияның ішінен соттарға тек екеуі ғана қалдырылды. Олар — күштеп әкелу және елден шығуды уақытша шектеу. Банк шоттарымен байланысты әрекеттерге санкция беру прокуратура органдарына жүктелді. Сот бақылауын бір мезгілде қысқартумен қатар Әділет министрлігімен бірлесіп, сот орындаушыларының әрекеттеріне процесітік бақылауды күшейту жөнінде бірқатар шаралар әзірленді. Нәтижесінде 2019 жылы өткен жылдармен салыстырғанда, соттар қараған істер мен материалдардың саны 33,5 пайызға, ал Нұр-Сұлтан қаласының соттары бойынша 41 пайызға төмендеді. Сот ісін жүргізудің электрондық форматын енгізумен байланысты сәуір айындағы түзетулердің екінші кезеңі соттардың қарантын жағдайындағы үздіксіз жұмысын қамтамасыз етті. Бұған дейін біз электрондық сот төрелігіне кезең-кезеңмен көшуді жоспарлаған болсақ, төтенше жағдай кезінде бірден көшуге тура келді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде процесстердің 90%-ы қашықтықтан байланысу арқылы өткізілді. Күн сайын соттарда 1500 ден 1900 іске дейін қаралып, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істердің жалпы саны — шамамен 4500 істі құрады. Елімізде төтенше жағдай енгізілгенге дейінгі процесстер саны да осы шамада екенін ескерсек, індет қаупіне қарамастан, сот жүйесі өзінің қалыпты жұмысын қамтамасыз еткенін осы деректерден анық көруге болады. Қолданыстағы процесітік заңнамаға енгізілген жаңа үшінші түзетулер топтамасының ерекшелігі — процесіт өзін іштей өзгертуге бағытталған. Мақсат — судьяның жұмысын оңтайландыру және осы шаралар арқылы тараптардың сот ісін жүргізу шығыстарын азайту. Бұл ең көп талқыланған заң жобаларының бірі. Атап айтқанда, судьяның мәртебесіне назар аударылып, процесіт жарыспалылығы

рәсімдік-процестік кодексінің жобасында бекітілген. Судьяның іс бойынша шындықты анықтауға, дәлелдеу белсенді қатысу шегі туралы мәселе жеке- құқықтық дауларды қарау кезінде туындайды. Қарапайым азамат пен банк немесе мүддесін мықты заңгерлер қорғайтын корпорация арасындағы теңдікті тану белгілі бір жағдайда шартты болып табылады. Сапалы заң көмегіне жүгіне алмайтын, ондай қызмет қолжетімсіз азаматтар процесіске қатысқан кезде жағдай күрделенеді, қарапайым азаматтың заң шеңберінде өзін қорғау мүмкіндігі азаяды. Міне, осындай жағдайлар орын алмау үшін судья өзіне берілген өкілеттіктер шеңберінде тепе-теңдік қағидатын қамтамасыз ету мақсатында әрекеттер жасауы тиіс. Судьяның мұндай әрекеттері дауды іс бойынша заңды әрі негізді шешім қабылдауға ықпалын тигізеді. Сондықтан құқықтық реттеу кезінде қалыптасқан жағдай әділ бағаланып, теңдік сақталуы керек. Мүдделі азаматтардың өтініш хаттары ескеріле отырып, даудың мән-жайы жан-жақты, объективті және толық зерделенуі қажет.

Аталған заңның қабылдануы қоғамда әртүрлі пікірлер тудыруы мүмкін. Мысалы, судьяға берілген артықшылық істің барысына қалай әсер етеді деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Біз өткен шаққа оралуды көздеп отырған жоқпыз. Жаңа қадам жасау арқылы жарыспалы процесіске көшуге қадам жасалды. Сот төрелігін ізгілендіру — судьяның тараптарға түсінікті, заңды, әділ және екі жақтың да мүдделерін ескере отырып шешім қабылдауға ізденісі барысында маңызды. АПК-ге енгізілген түзетулер топтамасы судьяның өз өкілеттілігі шеңберінде іс жүргізу кезіндегі белсенділігін арттыруға бағытталған, яғни ол істің мән-жайлары бойынша өзінің көзқарасын білдіруге, өзінің бастамасымен тараптардың уәждерін тексеруге, қажет болған жағдайда қосымша дәлелдемелерді сұрауға, сот тапсырмасын беруге, істердің жекелеген санаттары бойынша адвокатты белгілеуге құқылы. Ал бұған дейін судья тек тараптар берген немесе олардың өтініш хатымен талап етіп алынған дәлелдемелерді ғана зерделей алатын. Төрағалық етуші судья процесіт толық басқаруы керек. Оның дауды әділ шешу үшін мән-жайларды толық анықтап, тараптардың құқықтық позициясын түсіну мүмкіндігі болуы тиіс. Заңды шешім қабылдау барысында судьяның белсенділігі аса қажет. Сондықтан судьяға тараптармен істің мән-жайларын талқылау, олардың құқықтық ұстанымдары мен дәлелдерін нақтылау, іске қатысушы адамдарға сұрақтар қою, оларды процесітік міндеттерін орындамағаны үшін заңдарда белгіленген жауапкершілік және процесітік салдарлар туралы ескерту, іс материалдарын жинау және зерттеу бойынша шаралар қабылдау, оның ішінде өз бастамасымен сот тапсырмаларын беру, дәлелдемелерді талап ету, тараптардың дәлелдерінің негізділігін және сотқа берілген дәлелдемелердің шынайылығын тексеру т.б. қосымша өкілеттіктер берілді. Судьяға істің мән-жайы анық болса да, тараптарды сотқа шақырта отырып, сот отырысында қаралатын мәселелер бар. Мұндай істер бойынша судья сот отырысын өткізеді, тараптарды шақырып, хаттама ресімдейді, ондаған ұйғарым қабылдауға тура келеді. Азаматтар немесе кәсіпкерлер іске қатысты кез келген сұрақтар бойынша сотқа шақырылуы мүмкін. XXI ғасырда адамдар үшін уақыт өте қымбат ресурс екенін ескерсек, тығыз жұмыстарын ысырып қойып, сотқа келу азаматтардың наразылығын туғызады. Сондықтан процесітік заңнамаға енгізілген түзетулердің екінші топтамасының негізгі мақсаты — сот ісін жүргізуді бюрократиялық



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

A I N A



www.jasqazaq.kz

СҮБЕ СӨЗ

Қазір қазақ сайттары орыс аудиториясымен бәсекелесе алатын жағдайда. Біз журналистика саласында жүргеннен кейін кейбір әріптестерімізбен сөйлесеміз. Мысалы, қазақ тілді сайттарға әлеуметтік желі арқылы кіретін оқырман көп. Ал орыс тілді сайттарға оқырмандар әлеуметтік желіден мүлдем кірмейді. Олардың басымдығы «поиск» арқылы іздеуінде. Одан кейін, бізде ботофермалар бар.

Фейкпен күн көретін сайттар бар

Ботоферма дегеніміз — бірнеше фейк аккаунты бар адамдар. Осы боттар кейбір орыс сайттарындағы мақалаға пікір қалдырып, таратып, олардың қаралымын арттырады. Орыс сайттарын дамытып отырған осы боттар. Ал қазақ тілді сайттар өз аудиториясын әлеуметтік желі арқылы қамтып отыр. Бұл жақсы көрсеткіш. Біз бір жағынан әлеуметтік желіні менгеріп отырмыз. Тағы бір жағынан өзіміздің жұмысымызды көрсетіп отырмыз.

Қазір қазақ сайттарын орыстың ірі сайттарымен салыстыруға келмейді. Өйткені біздің мүмкіндік әлі де жеткізбейді. Олармен шынайы бәсекелесу үшін елімізде мемлекеттің тілдің мәселесі шешілуі керек. Қазақ тіліне басымдық беріліп келе жатыр. Қазақ тілінде киномыз бар. Қазақ тілді аудитория қалыптасты. Бұрын Алматының Республика сарайына Ресейдің әншілері кезек-кезек келіп концерт қойып, қомақты қаламақы алып кететін. Қазір оларға сұраныс жоқ. Олардың орнын өзіміздің әнші қыз-жігіттер басты. Сондықтан алдағы уақытта нақты қазақ тілді ақпаратты пайдаланатын буын пайда болатынына сенемін.

Мені мазалайтыны Ресейде шығатын басылымдардың Қазақстандағы филиалының контенти. Атттарын атамай-ақ қояйын. Бірақ жүргізіп отырған саясаты сорақы. АҚШ-қа жұмыс істейтіндері бар. Біздің мемлекетіміз АҚШ-пен жауласқан емес. Ал ол басылымдар екі елді бір-біріне қарсы қойып отырады. Менінше, ақпарат министрлігі осы



мәселені назарына алуы керек. Қазақ журналистикасын дамыту үшін көп ізденіс қажет. Үнемі жана нәрсені үйренуге талпынғанымыз абзал. Оқырманды қызықтыру үшін жана әдіс-тәсіл менгерген жөн. Бір кездері қазақ басылымдары тым әдебиетшіл, мәдениетшіл болғаны рас. Қазір біз бәсекеге қабілетті екенімізді дәлелдедік. Әрі қарай даму үшін қазақ журналистикасында жұмыс істеп жүрген мамандарды жастардың орнына шетелге оқуға жіберсек. Олар мамандықты монетизациялау әдістерін игеруді үйреніп келсе, игілігіне пайдаланса деген ойым бар.

Қазақ тілді сайттар неге шұғыл ақпарат бермейді? Бұған біз кінәлі емеспіз. Өйткені кез келген министрліктің ақпараты алдымен орыс тілінде жарияланады. Қазақ тілдісі де болады. Бірақ қазақ тіліндегісі түсініксіз. Өз ана тілімізде ақпарат беру нақты бір жолға қойылмаған. Министрлік тарапынан қазақ тілінде мағыналы ақпарат таратылып, көпшілікке ұсынылса деген ойымыз бар. Егер бізге тіл мәселесі шешілсе, онда орыс аудиториясымен емес, өзара бір-бірімізбен бәсекеге түсіп жатар едік. Тіл мәселесі болғаннан кейін, біз екі «фронтқа» бөлініп алдық. Бұл бізге зиян. Орыс аудиториясы бір-бірімен бәсекелес. Біздегі тіл мәселесі шешімін тапса, бізде бір-бірімізбен бәсекелес болар ма едік, кім білсін?!

Думан БЫҚАЙ,
«Қала мен дала» газетінің
Бас редакторы

ҚЫЗЫҚ ТА
ЫННАЖЫҚ
ЖУРНАЛИСТИКА

НТК телеарнасына 2003 жылдың көктемінде жұмысқа тұрдым. Күшім тау қопарардай көрінді. Басыма өртүрлі идея келді. Студенттің ғой, бас редакторды «немен таң қалдырсам екен?» деген ой мазалап жүрді. Дегенмен журналистикада бәсекелестік қатаң болғандықтан, сенсациялық материал тілшінің алымы мен қарымын көрсететін негізгі тәсілдің бірі. Жаңалықтың форматы сенсация, папарацияға құрылғандықтан, елді елең еткізер жаңалық табу басты міндет болды.

Сөйтіп ізденіс үстінде жүргенде орыс редакциясына бір әйел хабарласты. Телефон тұтқасын көтерген Екатерина есімді әріптесім сөйлесіп болғаннан кейін қызық тақырып табылғанын айтты. Сөйтсек, цирктің әртістері өздерінің иттерін үйлендіргелі жатыр екен. Әлгі «Собачья свадьбадан» мен де қалыс қалам ба деп, дереу басшылыққа тақырыпты айттым. Әлгіні естіген редакциядағы шығарушы редактор да, журналист те күлкіден ішек-сілелері қатты. Кабинеттен шығып бара жатсам, «Гүлвира, қайда барасын?» деп, сұрақ қоя беретін. Мен «Иттің тойына

«аф, аф, аф, аф» деп төрт рет үрді. Біз қолымызды шапалақтадық. Ит одан сайын арсылдайды. Сосын Геннадий атты мақұлықтың иесі ұрғашы иттің мойнына алтын алқа салды. «Еріккен істі ойлап тапқан мыналарда ес жоқ екен ғой» деп ойладым. Содан иттің иесі «Жұбайларды бал айын өткізу үшін Таиландқа жібереміз» деп бізге сұхбат берді. Сұхбатты алғаннан кейін, жайылған дастарханға қарамастан, редакцияға аттандық. Ертеңінде редакторыма келіп болған жағдайды айтып, сюжетті дайындап өткіздім. Шығарушы редакторым «керемет-

Итті «үйлендіріп» қайттық

барамын» деп одан сайын оларды күлкіге батырамын.

Содан әріптесім екеуіміз әлгі иттерін үйлендіріп жатқан үйге келдік. Үйің иесі циркте жұмыс істейтін өнер адамы екен. Жүні үлгідеген аласа бойлы иттерінің түсін бояп, оларға ат қойып, ұрғашысына ақ матадан көйлек кигізіпті. Ал еркегіне қара матадан костюм тігіпті. Сосын көрші-қоланның 5-6 итін қонаққа шақырды. Олар да үйдің ішінде үріп, сыландап жүр. Екі бөлмелі үйде иттерге ерекше жағдай жасалғандығы көрініп-ақ тұр. Әйтеуір, циркте істейтін әйел итін танысының итімен үйлендіруге бел байлап, орыстарда «венчание» дей ме, неке кино рәсіміне әулие әкейлердің бірін шақырған екен. Әулие әкей «итті үйлендіру біздің құзырымызға жатпайды. Бізді мазак етпендер, күнә болады» деп бас тартыпты. Бізге қызық сюжет керек, оларға атак керек. Қуана-қуана әлгі төрт аяқты мақұлықтардың үйлену тойын жасап жібердік. Айтпақшы, есіме енді түсті, Геннадий деген итке «Сен, Александра деген итті әйелдікке аласың ба?» деп сұраса, әлгі мақұлық



Фот. мағамбет.гу

керемет!» деп мені мактады да, эфирге беріп жібердік. Эфир қызық болды. Бас редактор маған ризашылығын білдірді.



Гүлвира БИҒАЛИҚЫЗЫ,
«Еуразия бірінші» арнасының тілшісі



ПӘТЕРІҢ БОЛҒАН ҚАНДАЙ ЖАҚСЫ!

Журналистердің биылғы мерекесі Алматы қаласындағы әріптестерім үшін есте қалатын жыл болды. Оған себеп – баспана мәселесі. Баспана болғанда да «Алматы жастары» бағдарламасы. Бағдарлама қаладағы жас мамандарға жеңілдікпен тұрғын үй мәселесін шешуге арналған. Бұл жерде бірнеше категория бар. Биыл осы категория ішіне журналистер қауымы қосылды.



Тіпті оларды мысалға алудың өзі артық. Әсіресе, біз сияқты 30-ға толмаған жастарға пәтерге қаражат жинау мүмкін емес. Ал «Алматы жастары» бағдарламасы аз пайызбен баспана алуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл өз саласында еңбек етіп жүрген жастарға үлкен демеу. Әрі қарай да жұмыс істеуге зор ынталандыру деп ойлаймын. Баспаналы болып жатсақ, ай сайынғы төлемі де қалтаға салмақ салмайды. Шіркін, пәтерін болған қандай жақсы! Бірнеше жылда пәтер өзімізге қалады. Қуанарлық жағдай! Бұл — Алматы қаласының жастарына арналған бағдарлама. Болашақта еліміздің басқа қалаларындағы жастарға да осындай бағдарлама керек екенін айтқым келеді.

Бұл — Алматы қаласы әкімі Бақытжан Сағынтаевтың қала жастарына арналған бағдарламасы. Өзім де осы бағдарламаға қатысып, Құдай қаласа, баспаналы болайын деп отырмын. Телевизия саласында жүргеніме 10 жылдан астам уақыт болыпты. Осы уақыт аралығында өзіміз талай таңдырдың куәсі болдық. Олар туралы талай сюжет дайындалдық. Кейіпкерлердің қамымен жүрген кезде өзіміз туралы ұмытып кететініміз рас. Алматыда тұратын, осында жұмыс істейтін біз секілді жас журналистерге бұл бағдарлама үлкен көмек, бағыт-бағдар, қолдау болды. Өйткені, журналистердің жалақысы ұлттық компанияларда жұмыс істейтін қызметкерлердікіндей көп емес.

Аскарбек ҚАЗАНБАЙ,
КТК телеарнасының тілшісі

ЖАС
ҚАААН

Әр адам бала кезден арманшыл. Мен де өкем сияқты қаламы қарымды журналист болғым келетін. Арманым ақастырмапты. Күндердің күні мені үлкен шығармашылық ортаға алып келді.

«ХАНТӨҒІРІНЕН» ҚАЗҰУ-ҒА ДЕЙІН...

шебері атандым. Менің шығармашылығымның қайнар бұлағы осы байқау мен газет бетінен басталды.

Журналист болу арманым,
Өмірден таңдап алғанмын.
Төртінші билік болған соң,
Журналистиканы таңдадым

деп, өзімше өлең де арнаппын. Бұқаралық ақпарат құралдарының қазанында ерте қайнадым. Алайда салалық жоғары білімді игеру жолы мен үшін ұзаққа созылып, жігерімді шындай түсті. Мектеп бітірген жылы журналистика факультетінің есігін қағып, білім алу бұйырмады. Осы аралықта маңдайға жазылған туризм және менеджмент саласын игеріп, алғашқы дипломымды алдым. Алайда бұл мен армандаған жүрегімнің

түбінде жатқан салаға деген сүйіспеншілік отын өшіре алмады. Араға 5 жыл салып, журналистика факультетіне оқуға түстім. Сол сәтті өмірімдегі ең бақытты күндерімнің бірі санаймын.

Сол күннен бастап аяулы ұстаздарым Кәкен Қамзин, Қлара Қабылғазина, Жидегүл Әбдіжәділқызы, Рина Жақсылықбаева, Серік Жұмабекұлы сияқты ұстаздарымнан білім алып, кәсіби маман болу үшін қажетті қасиеттерді үйреніп келемін. Бізді алға сүйреп, тілшіліктің қыр-сырын үйретіп, көркем әдебиетпен сусындатып жүргені қуантады. Нағыз кәсіби журналист болу үшін жоғарғы білімнің ауалдай қажет екендігіне екінші рет студент атанғанда тағы да көзім жетті. Өйткені жақсы журналист ақпаратты дұрыс жаза білумен ғана шектелмейді. Сан салада қалам тербейтін маман иесі болғандықтан, терең білімді талмай игеру шарт. Жалпы, журналистің өмірі әрқашан шеберлікті шындаумен, үйренумен өтеді.

Аспан асты елінің дана тулғасы Конфуций былай дейді: «Ешқашан құламаған адам мықты емес. Нағыз мықты адам — құлап, сосын тұра алған адам». Әрбір адам алға қойған мақсаты үшін күресіп, армандарының орындалуы үшін еңбек ету қажет. Армандар әрқашан орындалады. Мақсатыңыз айқын болсын!

Индира БІРЖАНСАЛ,
ҚазҰУ журналистика
факультетінің
3-курс студенті



Бетті дайындаған Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМУХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат

(Бөгөнбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дауір» ЖШС РПИК

(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2212;

Бағасы келісі бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air-Astana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.